ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК–КОНФЕССИОНАЛДЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АЛМАТЫ, 2012

ӘОЖ 323/324
ББК 66.3(5 каз)
Қ 18

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым Комитетінің Философия және саясаттану институтының
Ғылыми кеңесі басылымға ұсынған

Редакция алқасы:
З.К. Шаукенова (жауапты редактор),
Б.М. Сатершинов, А.Г. Косиченко, Е.Е. Бурова,
Е.У. Байдаров, Ш.Ж. Жандосова
Г.И. Нүсіпова (шығарылым үшін жауапты)

Қ 18 Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессионалдық қатынастардың өзекті мәселелері: Материалдар жинағы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты, 2012. – 72 б.

ISBN – 978-601-7082-56-7

Бұл жинаққа ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты Дінтану бөлімінің қызметкерлері әзірлеген баяндама (бағыттаушы хабарлама), сондай-ақ қосымша материал ретінде сарапшылардың аталмыш тақырып төңірегіндегі түсіндірмелері енгізілген.

Жинақ мемлекеттік қызметкерлерге, Қазақстан Республикасындағы жалпы діни ахуал мен мемлекеттік-конфессионалдық қатынастар мәселелері бойынша семинарлар өткізуде әдістемелік құрал мақсатында пайдалануға арналған.

ӘОЖ 323/324
ББК 66.3(5 каз)

ISBN – 978-601-7082-56-7 © ҚР БҒМ Ғылым Комитеті Философия және саясаттану институты, 2012

МАЗМҰНЫ

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК–КОНФЕССИОНАЛДЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ (бағыттаушы хабарлама)..... 5

1.1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессионалдық қатынастар аясындағы мемлекеттің зайырлылық үлгісі..... 5

1.2. Ар-ождан бостандығы саласындағы Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының дамуындағы негізгі кезеңдер..... 11

1.3. Таяу шетел және ТМД елдеріндегі мемлекеттік-конфессионалдық қатынастар..... 16

1.4. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессионалдық қатынастар проблемасы мен қайшылықтары..... 21

1.5. Ұсыныстар..... 28

Әдебиеттер..... 29

2. САРАПШЫЛАР ТҮСІНІКТЕМЕСІ

Косиченко А.Г.
Мемлекет пен дін: ынтымақтастықтың нақтылығы мен болашағы («Литер» газетіне сұхбаты)..... 31

Фасиева К.И.
Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа Заңының шетел мемлекеттерінің діни заңдарымен салыстырмасы..... 42

Әбсаттар қажы Дербісәлі
Дін туралы жаңа Заң Қазақстанда дін тұту еркіншілігін шектемейді..... 53

Исабаева С.
Ар-ождан бостандығы мен заңның кісендері..... 60

Авторлар туралы мәліметтер..... 67

ҚР БҒМ Ғылым комитеті Философия және саясаттану институты туралы ақпарат..... 68

Информация об Институте философии и политологии Комитета науки МОН РК..... 70

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК-КОНФЕССИОНАЛДЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ*
(бағыттаушы хабарлама)

1.1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессионалдық қатынастар аясындағы мемлекеттің зайырлылық үлгісі

Жалпы қоғам мен жеке адамның рухани өмірінің монополиясына дәстүрлі тұрғыдан ұмтылатын дін руханилықтың ежелгі түрлерінің бірі ретінде, әлеуметтік мәдени феномен ретінде заманауи әлемде қызмет пен танымның өзекті салаларының біріне айналады.

Қазақстан егемендік алғаннан кейін мемлекет өзін зайырлы мемлекет деп жариялай отырып, азаматтық қоғамның қалыптасуына негіз қалады. Кейінгі кеңестік Қазақстан 1992 жылдың өзінде «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заң [1] қабылдап, ол өз кезегінде мемлекеттік-конфессионалдық қатынастардың құқықтық негізіне айналды. ҚР мемлекеттік конфессионалдық саясаты жиырма жыл барысында қоғам мен мемлекет арасында қарым-қатынастарды құруда маңызды рөл орындап, қоғамның көп бөлігінің, оның ішінде дінге сенушілердің де, сенбеушілердің де қажеттіліктерін білдіріп, оның өтелуіне мүмкіндік берді. Мұның барысында діннің бұқаралық санаға енуі және егемен Қазақстандағы дін рөлінің сәйкесінше өсуі жалпы саяси өмірге өз әсерін тигізе білді.

Діни бірлестіктер мәртебесінің жаңа заңнамалық тұрғыдан бекітілуі заманауи мемлекеттің діни мәселеге деген қатынасының өзгеру көрсеткішіне айналды. ҚР «Діни наным-сенім бостандығы

* Авторлар: Е.Ұ. Байдаров, Е.Е. Бурова, А.Г. Косиченко

және діни бірлестіктер туралы» заңы (15 қаңтар 1992 ж.) дін мен азаматтардың ар-ождан еркіне деген құқығына қатысты Қазақстан Республикасы Конституциясының қағидалары (1995 ж.), ҚР «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» заңы (11 қазан 2011 ж.) [2] және осы салаға қатысы бар басқа да заң актілерінің бірқатары Қазақстандағы мемлекеттік діни қарым-қатынастардың заңдық негізін белгілі бір деңгейде заманауи құқықтың нормаларына сәйкестендіріп, мемлекеттегі діни қызметке қатысты шынайы қалыптасып жатқан жағдайды көрсете білді.

Саяси жүйенің негізгі институты ретінде мемлекет пен діни бірлестіктердің, яғни азаматтық қоғамның маңызды субъектілері арасындағы қарым-қатынастар түбірімен өзгерді. Қазіргі таңда діни бірлестіктер әлеуметтік-мәдени, мейірімділік-қайырымдылық, қоғамдық-саяси және шаруашылық-кәсіпкерлік қызметтерде дін оқуын таратуда өз жұмыстарын еркінше жүзеге асыру мүмкіндіктерін иеленді. Мемлекеттік институттардың діни бірлестіктермен (біріншіден, Қазақстан мұсылмандарының Діни басқармасымен және Орыс Православиелік шіркеуінің ҚР Митрополиялық округімен) белсенді өзара әрекеті жүре бастады.

Сонымен қатар, мемлекеттік-конфессионалды салада қарым-қатынастардың жүйесін құру бойынша мемлекет тарапынан бірталай шаралар іске асырылды:

- құзырлық және жауапкершілік салалары өзара ажыратылды;
- мемлекет қоғам мен тұлғаның рухани өмірлерінің монополисті болуын қойып, діни ұйымдардың заңды тұлғалар ретіндегі құқықтарын мойындады.

Осылайша, өзгеріске түскен саяси өмір діни конфессияларды азаматтық қоғам субъектілері ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Дегенмен, қазіргі таңда Қазақстанда мемлекеттік–конфессионалдық қарым-қатынастарының мәселелері шешілді деп кесіп айтудың мүмкіндігі тумай тұр. Діни ұйымдардың мемлекетпен қарым-қатынастарының демократиялық, құқықтық, зайырлы мемлекет нормаларының, оның ішінде ар-ождан

бостандығының тек индивидуалды емес, сонымен қатар институционалды тұрғыдан мойындалуы негізінде реформалануы әзірше аяқталмаған.

Қазақстандық заңнама мемлекеттің діни ұйымдардың қызметіне кедергі болып қоймай, сонымен қатар солардың қызметтеріне өз жәрдем беру міндетін қарастырады. Дәл осы мән-жайға заманауи Қазақстандағы діннің әлеуметтік мәдени институты ретінде даму формалары мен шарттарының дамуын көрсететін заң жасаулық қызметке байланысты болып келеді. Мемлекет пен қоғам үшін зайырлы және діни институттар арасында қолайлы өзара қарым-қатынастарын іздеу дін мен діндарлықтың айқындалу феноменін, сәйкесінше, Қазақстандағы діни, мәдени, философиялық, тарихи-құқықтық, саяси және психологиялық зерттеулерін тереңінен түсінуді талап етеді [3]. Тек ғылыми талдауға сүйене отырып, мемлекеттік-конфессионалды саясаттың объективті әзірлемесі жасалып шығарылуы мүмкін.

Қоғам мен мемлекетте діннің қызмет етуімен байланысы мәселелер алуандығының арасында ең маңыздысы – *мемлекеттік-конфессионалдық қарым-қатынастар*. Мемлекеттік құрылымның кез келген түрі және мемлекеттің дінге деген қарым-қатынасының кез келген нысаны жағдайында, яғни атеистикалықтан теократиялыққа дейінгі жағдайында осы мемлекетте бар діни бірлестіктер мен мемлекеттің регламенттеуіне қажеттілік туады. Одан басқа, діни қауымдастықтардың қызмет ету мүмкіндігі осы қызмет нақты мәселелерінің жиынтығы тікелей түрде мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастардың сипаты, нысаны және параметрлеріне байланысты болып келеді. Ол өз кезегінде әлеуметтік пен экономикалық көрсеткіштер және билеу нысаны мен ішкі құрылым бойынша «мемлекеттердің» бар жіктеуіне дүниетанымдық көрсеткішті қосуға болады [4].

Мемлекеттік конфессионалдық қарым-қатынастардың қазіргі үлгілері қандай? Олар көп, сонымен қатар аз да. Аз дегені,

мұндай қарым-қатынастардың тек үш тұрпаты болғанына байланысты: атеистік, зайырлы және теократиялық. Көп дегені осы үш тұрпат ішінде діни бірлестіктер мен мемлекет қарым-қатынастарының белгілі бір түрін жүзеге асыру нысандарының сан алуандығы болатынына байланысты: бұл жағдайда мемлекет діни иерархия жүйесіне кіріктірілген және дін мемлекеттің идеологиясы болып табылады. Мысалға, мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастардың түрі ретіндегі теократияны алайық, бұл жағдайда мемлекет діни иерархия жүйесіне кіріктірілген және дін мемлекеттің мемлекеттік идеологиясы болып табылады. Танымал зерттеушілердің мойындаулары бойынша, бүгінгі таңда тек Иран Исламдық Республикасы теократиялық мемлекет болып табылады, оның өзінде қосымша түсініктер орын алады.

Мемлекеттердің зайырлы түрлерінің шеңберінде мемлекеттердің әр алуандығы діни бірлестіктермен түрлі, кейбір жағдайларда өзара үйлеспейтін қарым-қатынастарды құрайды. Ол өз кезегінде конституция баптарына сәйкес болуы үшін ғана. Ал шынайы жағдайларда мемлекеттер мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастарды реттейтін арнайы заңдарды қабылдайды. Одан басқа, мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастардың регламенттелуін нақтылайтын заңға тәуелді актілер болады. Сол себептен мынадай қорытынды шығаруға болады: заманауи әлемде мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастардың алуан түрі болады және де ол мемлекеттің тарихы мен олардың кейбіреулеріндегі діннің қызмет етуінің нақты жағдайларымен байланысты болып келеді. Дегенмен, мұндай нысандардың көп болғанына қарамастан, мемлекеттік конфессионалдық қарым-қатынастардың үстемдік үлгілерінің бүгінгі таңда аз екенін ерекше атап өту керек. Мұндай қарым-қатынастардың жиі кездесетін және танымал үлгілерін қысқаша түрде атап өтетін болсақ, онда олар төмендегідей [5,6].

Бұл *біріншіден*, мемлекетте бар барлық конфессиялардың абсолютті теңдігі, және де заң тұрғыдан және нақты тұрғыдан теңдігі. *Екіншіден*, негізіне бір мемлекеттік дінді мойындау дәлелі жататын үлгі. Мемлекеттік болып танылатын дін мемлекетте қызмет ететін басқа діндерге қарағанда ерекше артықшылықтарға иеленеді. Бұл артықшылықтар әрі заңды және іс жүзінде бола алады. Бұл үлгі өз нұсқаларына ие болады: мемлекеттік дін ресми мемлекеттік бола алады және мемлекеттік мәртебеге ие бола алады. *Үшіншіден*, мемлекеттің бір немесе екі ресми діндерге бағдарлану жағдайында ресми мемлекеттік деп аталына алады. Мысалға, Германияда екі конфессия – католицизм и протестантизм мемлекеттік көмек, дін қызметшілеріне ақшалай жәрдемақыға қатысты артықшылықты қалыпта болады. *Төртіншіден*, мемлекеттің барлығына тең мәртебе беретін, бірақ салық жеңілдіктері тек мемлекеттік тіркеуден өткен және заң тұлғасының мәртебесін алған діни бірлестіктерге ғана ұсынылатын үлгі қызмет етеді. *Бесіншіден*, шаруашылық және білім беру қызметін жүргізу мемлекеттің мәдениеті мен тарихына ерең үлес қосқан және мәртебесі қызмет ету жалғасымдылығымен бекітілген конфессияларға ғана ұсынылатын үлгі болады. Мемлекеттік конфессионалдық қарым-қатынастардың түрлі үлгілері бір реттен пайда болмады, ол мемлекет пен діни қауымдастықтар қарым-қатынасының ұзақ эволюциясының нәтижесі болып табылады. Қазіргі таңда бұл үлгілер өте кең таралғанмен, олардың қиыстырылған түрде кездесуі жиі-жиі болып тұрады.

Заманауи зайырлы мемлекеттің негізінде, теократиялыққа қарағанда, адам мен азаматтың құқықтарымен байланысты құқықтық мәселелерге түсінік беру болады, олардағы басты қағида: шіркеудің мемлекеттен бөліну қағидасы. Бұл үлгідегі саяси-құқықтық мән мағына мемлекеттің:

- ар-ождан бостандығы – тек діни таңдаудың бостандығы емес, кеңінен қарастырғанда дүниетанымдық, оның ішінде

діни емес таңдау. Және де бұл таңдау құқығын мемлекет адам (азаматтың) еркіне беріп, оны қабылдап, қорғауға міндетті болу қағидасына сүйенеді;

- адамдармен қарым-қатынасында олардың дін тұту тиістілігі мен діни өзін өзі сәйкестендірушілігіне сүйенбей, керісінше олардың азаматтық құқықтық қалыптарына, оның ішінде азаматтылық қағидасын басымдық рөлге қоюына сүйеніп, бағдарланады;

- тәжірибеде барлық діндердің, сонымен қатар адамдардың дінге қарым-қатынасына қарамастан, олардың да теңдігін жүзеге асыруға тырысады; бұл қағида азаматтармен дүниетанымдық бірлік негізінде құрылатын барлық қоғамдық бірлестіктерге таралады;

- мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүргізудің тікелей үрдісінен (азаматтардың дінге деген қандай да болсын қатынастарына қарамастан, оларға қатысты саясаттың) діндерді (әлеуметтік институттар, халықтық құқықтық қарым-қатынастардың субъектілері) шығарады, ал «діни сұрақ» саяси саладан қоғамдық өмірдің, азаматтың жеке өмірінің саласына ауысады;

- өзінің ішкі және сыртқы саясатының концептуалды негіздерінде діни теологиялық қағидалармен, қағидаттар және ілімдермен емес түрлі жаратылыстанулық және гуманитарлық пәндердің біртұтастығымен жетекшіленіп, соған сенеді. Оның мақсаты өз кезегінде адам мен мемлекеттің «аспандық» арналуымен емес, ал мемлекеттің, қоғамның және адамның «жер беттік» қалауымен анықталады;

- мемлекеттік және шіркеулік құқықты ажыратып, халықтық құқықтық және азаматтық салалардың сұрақтарын шешу жағдайында алғашқысының басымдығын орнатады. Шіркеулік құқық әрекеттілігінің саласы шіркеулік институтпен шектеліп, сенуші азаматтардың ерікті таңдауларының дәлелі болып табылу дәрежесіне байланысты мойындалып, жалпыазаматтық заңға қайшы келмейді;

- діни бірлестіктерге мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының міндеттері мен қызметтерін орындауды жүктемейді және мемлекеттік тұрғыдан қалыптасудың зайырлы сипатын қамтамасыз етеді [7].

Бұл маңызды қағидалар заманауи мемлекеттік концептуалдық қарым-қатынастардың негізіне жатып, оларды реттеуші ретінде қызмет атқарады.

1.2. Ар-ождан бостандығы саласындағы Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының дамуындағы негізгі кезеңдер

Қазіргі заманғы Қазақстандағы зайырлы мемлекеттің құрылуының бастамасы 1992 жылдың қаңтарында қаланған болатын. Ар-ождан еркіндігі саласындағы мемлекеттік саясат саласындағы реформалар жалпысаяси үрдістерден дараланбаған. Олар нәтиже ретінде қарастырылады, ол өз кезегінде ойлау, ар-ұят, дін мен сенім-нанымдар мәселелері бойынша негізгі қабылданатын нормативтік құқықтық актілерге де қатысты болып келеді. Мұндай әдіс ар-ождан саласындағы Қазақстан Республикасының саясатын дамытуда бірнеше кезеңдерді шартты түрде бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

1. *1992 – 2005 жж*. (желтоқсан);
2. *2005 – 2011 жж*. (қазан);
3. *2011 ж.* бастап

Олардың әрбіреуі өзіндік ерекшеліктерді иеленеді. *Бірінші* кезең – бұл КСРО-ның «қираған үйінділеріндегі» ар-ұят еркіндігі саласында саясат үлгілерінің негізінде ұлттық мемлекеттік үлгілері туылған заман, ондағы мемлекет қызметтің басқа салаларынан, оның ішінде Шіркеуден айқын бөлінген (секулярлы мемлекеттің концепциясы), дін әрбір азаматтың жеке ісі болды, ол өз кезегінде Қазақстан Республикасының Конституциясында, сонымен қатар ҚР «Дін

тұту және діни бірлестіктер жайлы» заңында көрініс табады (1992). Бұл уақытта мемлекет қателіктерді түзетіп, атеистік өткен шақтың «қарыздарын таратты», яғни алдында алынып қойылған ғимараттар мен жеке заттарды, сонымен қатар бұзылғандардың орнын толтырып, діни ұйымдарға берді.

Дегенмен, 1990 жылдың аяғы – 2000-жылдың басында дағдарыс байқалып, мемлекет тарапынан ешбір бақылау жүрмей (2005 жылға дейін), соның есебінен діни ұйымдар көбейіп, қарқынды дами бастады. Назардан тыс жіберілген мұндай жағдай белгілі бір деңгейде 2000 жылдың аяғында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің қол астында Дін істері жөніндегі Комитеттің құрылу қажеттілігіне әкеліп соқтырды.

Екінші кезең (2005–2011 жж.) демократиялық институттардың сақталып қалуы жағдайында таза нарықтық стратегиялардан қоғамдық өмірдің барлық салаларына мемлекеттік реттеушіліктің қарқындауымен сипатталады. Пайдалылықтың өлшемі болып қала беретін экономикалық тиімділікке мемлекет геосаяси талаптануларды қоса отырып, әлеуметтік саяси құрылымның тұрақтылығын сақтап қалу және мемлекеттегі конфессия аралық келісімнің атмосферасын тудыру үшін ықпалды діни бірлестіктермен қарым-қатынасын нығайтуға тырысады.

Осы кезден бастап, Қазақстан Республикасында діннің әлеуметтік саяси өмірдің түрлі аспектілеріне ықпалының кеңеюімен саяси экстремизмнің өсімін басыңқы қылатын себептер мен шарттардың кешенінде діни фактор орасан зор маңызды иеленді. Діни фактор жағымды және жағымсыз бағыттылықты иелене отырып, діни негіздегі саяси экстремизм мен терроризмнің қалыптасуы және пайда болуына ықпалын тигізіп, соның есебінен Қазақстан қауіпсіздігіне қатер төне бастайды.

Діни экстремистік ұйымдар қызметінің күшейтілген беталысына (Өзбекстанның Исламдық қозғалысы, Хизб-ут-Тахрир, Шығыс Түркістанның Исламдық қозғалысы және

т.б.) қарсылық жасау мақсатымен 2005 жылдың 18 ақпанында Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы әрекеттер қолдану» заңы қабылданды. Бұл заң бойынша: «экстремизм – конституциялық құрылымды зорлық-зомбылықпен өзгерту, Қазақстан Республикасының егемендігін, тұтастығын, оның аумағының бөлінбестігі мен қол тигізбестігін бұзу, ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттің қорғаныстық мүмкіндігін бұзу, билікті тартып алу немесе билікті мәжбүрлеп қолда ұстау, заңсыз әскерленген қалыптасуларды құрып, оларға жетекшілік етіп, қатысу, қарулы ереуілді ұйымдастыру және соған қатысу, әлеуметтік, таптық алауыздық тудыру (саяси экстремизм)» [8].

2008 жылдың қарашасының аяғында Мәжіліс дін тұту мен діни бірлестіктер мәселелері жөніндегі заңға деген түзетулерді қабылдады. Негізінен, түзетулер әкімшілік құқық бұзушылықтар жайлы Кодекске, дін тұту мен діни бірлестіктер еркіндігі туралы заңның бұзылуы үшін физикалық тұлғаларды жауапкершілікке тартылуына қатысты болып сонымен қатар «Дін тұту мен діни бірлестіктер еркіндігі туралы» заңға, әсіресе, осы заңды реттеу пәнін нақтылау, орталықты діни бірлестіктердің қалыптасуына қатысты енгізілді.

Кезеңдердің екеуі де өзгертулердің жалпы векторын, яғни кеңестік индустриалдықтан жаһандық әлемдік қоғамдастыққа қосылған постиндустриалды қоғамға дейін біріктірген болатын. XXI ғасырдың басы Қазақстанның азаматтық қоғамы мен ресми билігі арасындағы діни мәселенің жалпы жағдайын бағалауда айқын үйлесімдіктің болмауымен сипатталады. Егер алғашқының бағалауларында позитивті акцент байқалса, онда екіншісі байсалды түрде бағдарланған, оған қоса, кеңестік мемлекеттің ар-ұят саласында жалпы бағыттарына қатысты күмәндар мен сенбеушіліктер енді-енді айқын айтыла бастады. Мемлекеттік конфессионалдық қарым-қатынастар көрінудің негативті және позитивті нысандарына ие болады. Мысалға, ірі, дәстүрлі аталмыш конфессиялар ең алдымен, біздің басқа

әлемнен немен ерекшелетінімізді түсіндіретін ұжымдық сәйкестендіру ретінде, сонымен қатар, белгілі бір дәрежеде идеология ретінде қарастырылады. Мұндай бағдарлардың болуы позитивті мемлекеттік идеологияның және нығайту мәдениеттің болмауы жағдайында, яғни посткеңестік Қазақстанның жағдайында қажет болады. Бұл мағынада дәстүрлі діни бірлестіктердің рөлі қалыпты болып келеді.

Дін істері жөніндегі агенттіктің құрылуы және «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» заңның қабылдануымен (11 қазан 2011 ж.) ар-ұят саласында қазақстандық саясатты қалыптастырудың жаңа, *үшінші* кезеңі қаланды. Заң мемлекеттік шіркеулік қарым-қатынастардың «симфониялық» нысанын тудырушы «рухани әріптестік» нысаны жағына қарай ауытқыды. Зайырлы нысаны мен конфессионалды мазмұнның диссонансы заңды талқылау мен қабылдау кезеңінде мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастардың шиелінісіп кетудің қайнар көзін, сонымен қатар белгілі бір топтардың қабылданған заңға келісепеушіліктерін білдірудің артуын түсіндіретін себеп пен жағдай болып табылады.

Бүгінгі күні Қазақстандағы ханафистік мазхаб бағытындағы Ислам мен орыс Православиясы мәдениеткұраушы діндер болып табылады. Дінаралық келісім мен ұлттық бірлікті танудың қазақстандық тәжірибесі көптеген мемлекеттерге үлгі көрсетеді. Бұл тәжірибенің негізінде олардың көп ғасыр бойы бірге тетелесіп қызмет етулері мен сенушілердің дәстүрлік құндылықтарды сенімсіздік пен секулярлы әлем алдында қорғап қалу талпыныстары жатыр. Көбінесе осының арқасында заманауи Қазақстанда конфессионалды әлемді сақтап қалу мүдделерімен дінді тұтудың еркіндігіне бағыныштылықты үйлестіретін мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастардың үлгісі қалыптасып, жетілдіріліп жатыр. Қазақстан жерінде жаңа мешіттер мен храмдар салынып, монастырьлар мен рухани мектептер ашылып жатыр.

Дегенмен, Қазақстан ойлау, ар-ұят, дін мен көзқарастар шеңберінде жаңа өзгертулерден қашып құтыла алмайды. Жағдай мынадай: бұл қазақстандық қоғам дамуының объективті және субъективті факторларына сүйенетін мәнді қажеттілік болып табылады. Оған қоса, Қазақстан осы саладағы заманауи қағидалар мен нормалар жүйесіне қарай жылжуы үшін өткен кезеңдердің қалыптасып қойған тәжірибелеріне сыни көзқараспен қарауы маңызды.

Заманауи Қазақстанда дәстүрлі діндердің (ислам, православие, католицизм, протестантизм) өкілдерінің қоғамдық саяси қызметі этникалық өзін-өзі саналаудың, халықтардың дәстүрлері мен құндылықтарын сақталуымен, қоғамның қазіргі таңда үгіттеліп жатқан тұтыну идеалдарын, тым унитарлы, прагматикалық бағдарларды қабылдамаумен байланысты. Халық діни қажеттілікті сезінетін әрбір адам үшін, әркімдерге ашылуға тырысатын өсиеттік үйлерге, мешіттер мен шіркеулерге көп баратын болды.

2011 жылдың 31 желтоқсанында, ҚР Дін істері жөніндегі агенттік мәліметтеріне сай, республикадағы діни бірлестіктердің жалпы саны 4551 құраса, онда 1990 жылы олар небәрі 670 болды. Исламдық бірлестіктердің саны 46 дан 2815 ке дейін өсті. Орыс православиялық шіркеудің келушілер саны 62 ден 306 ға дейін өсті. Рим-католик бірлестіктердің саны үш есе көбейді (42 ден 118 ге дейін). Дәстүрлі және жаңа протестанттық шіркеулердің саны 1300 ге дейін өсті. Олардан басқа иудейлік, буддалық діни бірлестіктер (25 және сәйкесінше 4) болады. Діни бірлестіктер өздерінің қол астында 3200 культтік ғимараттары бар. Діни бірлестіктермен шамамен қырық мерзімдік басылымдар шығарылып отырады.

1.3. Таяу шетел және ТМД елдеріндегі мемлекеттік-конфессионалдық қатынастар

Мемлекеттік конфессионалдық қарым-қатынастардың өзектілігі тек Қазақстан үшін ғана емес, сонымен қатар посткеңестік кеңістіктегі басқа мемлекеттер үшін сипатты. Мысалға, Ресей Федерациясында мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастар жоғары деңгейден көрінеді, ол өз кезегінде шіркеудің мемлекеттік билікпен диалогы саясатының нәтижесінде. Діни ұйымдармен биліктің түрлі салалары мен деңгейлерінің өкілдерімен, яғни РФ Президент Әкімшілігімен, Ресей Үкіметімен, Федералды Жиналыспен, Заң министрлігімен, қорғаныс Министрлігімен, ішкі істер Министрлігімен және басқа да құқық қорғаушы бөлімдермен, Шет ел істері Министрлігімен, мәдениет Министрлігімен, Білім және ғылым министрлігімен, биліктің аймақтық және жергілікті мекемелерінің көбімен жұмысы белсенді түрде жүріп жатыр. Бұдан басқа, РФ-да 2007–2015 жылдарға арналған мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастардың тұжырымдамасы жасалынып шығарылған.

Соңғы жылдары шіркеулік мемлекеттік қарым-қатынастар саласында принципиалды мәселелердің бір қатары шешілген болатын. 2009 жылдың жазында Ресей Президентімен тәжірибелік дәрежеде мектептерде «Діни мәдениеттер мен зайырлы этиканың негіздері» атты пәнді енгізу бастамасы Ресей Президенті тарапынан қолдау тапты. Ресейдің Қарулы Күштерінде әскерлік шіркеу қызметшілері институты құрылды.

2010 жылдың желтоқсанында «Мемлекеттік немесе муниципалдық меншіктегі діни міндеттегі мүліктерді діни ұйымдарға беру туралы» Заңы өз күшіне енді. Бұл заң тарихи әділеттілікті қайта құрып, Шіркеуге 1917 жылдан бері жоғалған құндылықтарын қайтарып береді. Шіркеу өкілдердің

қатысуымен заңды дайындау үрдісінде кейбір кәсіби қоғамдастықтар, бөлімдер мен түрлі министрліктер ұстанымы мен сенушілер мүдделері арасында келісім орнатылды. Осы заң діни қауымдастықтарға федералды, аймақтық және муниципалды меншіктен діни мәндегі мүлікті берудің бірегей тәртібін анықтайды.

2010 жылдан бастап жалпыресейлік және аймақтық деңгейде Шіркеу мен мемлекеттік ведомстволар арасындағы ынтымақтастық жайлы келісімдерді бекіту тәжірибесі дами бастады.

Украина Республикасында мемлекеттік мекемелер діни бірлестіктермен қарым-қатынастарында, ең алдымен, сенушілер үшін дін тұтудың ығыстырылмайтынын, келісіммен әрекет ету мүмкіндігін, діни куәлік пен қызметтің көптеген түрлерін дамытуға тырысады.

Өз кезегінде конфессиялар мемлекетпен бағыттардың бірқатарымен белсенді жұмыс істейді. Мысалға, Украиндық Православиялық Шіркеу мемлекеттік облыстық әкімшіліктердің жетекшілігімен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Оған көбінесе жергілікті билікпен өзара түсінушілікті нығайтатын Киев митрополиті мен барлық Украина Қасиеттісінің өзіндік мәртебесі әсер етеді. Украинаның көптеген министрліктері мен ведомстволары Қасиетті митрополит Киевтік Владимирмен ынтымақтастық туралы меморандумдерге қол қойылды; осы келісімдердің шеңберінде тиісті жұмыс жүргізіліп жатыр. Украина Президенті В. Януковичтың Жарлығы бойынша екі маңызды заң жобаларының жаңа нұсқаларын үкімет қарастыруында: «Ар-ождан және діни ұйымдар еркіндігі туралы» және «Культтік ғимараттардың діни мекемелерге қайтарылуы туралы» [9].

Беларусь Республикасында «Ар-ождан және діни ұйымдар еркіндігі туралы» заңында (2002) Православиялық Шіркеу белорус халқының рухани, мемлекеттік және мәдени дәстүрлерін да-

мытуда белгілі бір рөл ойнайтынын нақты жазып қалыптастырған [10]. Шіркеулік мемлекеттік диалогты дамытудың маңызды үлесі ретінде түрлі мемлекеттік ведомстволар мен Белоруссиялық Православиялық Шіркеуі араларындағы ресми қарым-қатынастарды есептеуге болады. Белоруссиялық Православиялық Шіркеумен жалпы шеңберлік келісім, одан кейін Қорғаныс Министрлігінен бастап Спорт және туризм министрлігіне дейінгі түрлі ведомстволармен он екі келісім мемлекеттің белсенді азаматтық ұстанымның байланысты сенімнің азаматқа қандай мүмкіндіктер беретінін түсінуін білдіреді.

Бүгінгі күні мемлекет пен Шіркеу арасындағы ынтымақтастықтың республикалық және аймақтық бағдарламалары көрініс табады. Білім беру министрлігімен «Мәдениет және дін» факультативті курсы бекітілген. Сонымен қатар православиялық дәстүрлер контекстінде рухани адамгершіліктік тәрбиелеуге мақсатталынған факультативтер мен оқудан тыс курстарды әзірлеу бойынша эксперименталды жобаның жүзеге асырылуы жүріп жатыр.

Молдова Республикасында ақырғы парламенттік сайлаудан кейін жаңа мемлекеттік жетекшілікте діни конфессиялармен үміттендіруші диалог жақсаруда. Діни бірлестіктер өз кезегінде барлық саяси орталармен жақсы қарым-қатынас ұстануды қалап, өздерінің күштерін Молдова халқына, яғни мықты православиялық дәстүрлері бар өзіндік мемлекетке қызмет көрсету үшін біріктіруге талаптанады. 2010 жылы Молдовада «Православие негіздерін» міндетті мектеп пәні ретінде енгізу бастамасы кеңінен талқыланды. Қабылданған әрекеттерге қарамастан үкімет тарапынан осы бастамаға деген қолдау жауабы ұсынылған жоқ. Компромисстік нұсқа ретінде 2010 жылдың отызыншы маусымы Молдова парламенті дінді оқытуды факультативті пән ретінде енгізудің қаулысын мақұлдады [11].

Латвияда мемлекетік конфессионалды қарым-қатынастар өзгеше қалыптасқан. Мемлекетте шіркеулік меншіктің рести-

туциясы іске асырылған, яғни Шіркеуге тек храмдар емес, сонымен қатар жер мен қала, ауыл мекендеріндегі құрылыстар қайтарылған. Реституция кезінде қосымша жеңілдіктерді ұсынатын арнайы заң қабылданды. Мемлекет барлық дәстүрлі конфессияларға храмдарда тіркелетін некелердің заң тұрғыдан тіркелу құқығын және мемлекеттік куәліктерді беру құқығын береді. Жалпы білім беретін мектептерде «Христиандық ілім» пәні оқытылады. Латвия Республикасының діни ұйымдар туралы заңына сай христиандық дін ата аналардың немесе он төрттен асқан оқушылардың жазбаша өтініштерінің болуы жағдайында және осы мектепте мұндай өтініш білдіретіндердің саны онға толғанда, мемлекеттік және муниципалдық мектептерде оқытыла алынады. Мұндай оқытушылық тек бес христиандық конфессия мүмкіндік болды. Басқа діндер азшылықты құрайтын ұлттар мектептерінде оқытылады [12].

Литва Республикасында мемлекеттік конфессионалдық қарым-қатынастардың төрт сатылы үлгісі көрініс табады: а) мемлекет мойындаған дәстүрлі діни қауымдастықтар; б) мемлекет мойындаған діни қауымдастықтар; в) басқа да тіркелген қауымдастықтар;г) тіркелмеген қауымдастықтар. Бұл жағдайда тек дәстүрлі діни қауымдастықтар мектептерде Құдай заңын оқыту құқығын иеленеді және мұғалімдерге жалақыны мемлекет төлеп отырады.

Әлеуметтік салада барлық посткеңестік кеңістікте өте сирек теңдессіз келісімдер көрініс табады: соның ішінде, мемлекет міндетті түрде барлық шіркеу қызметшілері мен монахтық өмірдегілерге медициналық және зейнетақылық сақтандыру беріледі. Мемлекеттің дәстүрлі діни қауымдастықтары Литваның Қарулы Күштер қатарларында капелландық қызметтен өтіп, ал шіркеуде бекітілген некелер мемлекет тарапынан мойындалады [13].

Эстония Республикасында мемлекеттік билік құрылымдарымен тарихи дәстүрлерге сай Эстондық Православиялық

Шіркеудің Мәскеу Патриархатының лютерандармен теңдес, діндарлар көлемін иеленетініне қарамастан, лютерандық келушілерге қолдау көбірек көрсетіледі [14].

Азербайджан Республикасында, Қазақстанда секілді, Ислам мен Православие мемлекеттік маңыздылығы бойынша алғашқы діндер деп есептелінеді. Республикада дінаралық диалог табысты жүріп жатыр. Азербайджанда саналы протекциондық шаралар жағдайында дін тұтудың еркіндігін қарастыратын мемлекеттік конфессионалдық қарым-қатынастардың сәтті үлгісі орын алған. Күші бар заң шетелдік мекемелердің жергілікті діни қауымдастықтарға деген ықпалын шектеп, дәстүрлі емес және радикалды ағымдардың миссионерлік қызметін жүргізуді қиындатып жібереді [15].

Өзбекстан Республикасының Үкіметі өзінің діни саясатында дәстүрлі діндерге артықшылық береді. 1998 жылы қабылданған «Ар-ождан және діни ұйымдар еркіндігі туралы» заң және билік саясаты и ислам атымен жабылатын радикалды ағымдардың және жалғанхристиандық секталардың қызметін құртуға бағытталған, сонымен қатар миссионерлік қызметке тыйым салынған [16].

Тәжікстан Республикасында Орталық Азия бойынша діни қоғамдық үрдістердің саласында күрделі жағдай қалыптасты. Заң шектеулердің үлкен көлемімен сипатталады, ол өз кезегінде 1992-1997 жылдары болған қантөгіс азаматтық соғыс нәтижелер есебінен және дін атын жамылған радикализмнен қоғамды қорғау талабы есебінен орын алған. Сол екі арада, ел басшылығы Ислам мен Православияны қоғамдағы діни бейбітшіліктің кепілдемесі ретінде қарастырады.

Қазіргі таңда әлеуметтік және экономикалық тұрақсыздық, этникааралық қарым-қатынастардың шиеленісуі есебінен қиын заман кешіп жатқан *Қырғызстан Республикасында* мемлекеттік саясаттың діни саладағы Тұжырымдамасының жаңа нұсқасы әзірленуде. Сонымен қатар, дін тұту және діни

мекемелер бостандығы туралы жаңа заңды қабылдау мәселе талқыланып жатыр. Мысалға, «Қырғыз Республикасының ұлттық саясатының мемлекеттік Тұжырымдамасы» заң жобасында (2011) төмендегілер жайлы айтылған:

- конфессияаралық диалогты дамыту мақсатымен мемлекет пен діни бірлестіктер арасында әріптестік қарым-қатынастарды дамыту;

- дәстүрлі діндердің даму тарихын, бейбітшілік миссиясын, Қырғызстандағы конфессияаралық ынтымақтастықтың дәстүрлерін зерттеу арқылы олардың мемлекеттілікті нығайтудағы үлесін қамтамасыз ету және т.б. [17].

Сонымен, барлық посткеңестік кеңістікте мемлекеттің зайырлы үлгісі негіз ретінде алынған, ондағы ар-ұят пен дін тұтудың еркіндігі әр адамның жеке ісі болып келеді. Мемлекеттің рөлі, ондағы мемлекеттік конфессионалдық диалог осы мемлекеттерді мекендейтін барлық адамдардың игілігіне қызмет ету, адамда жоғары руханилықты тәрбилеу ерте уақытта бір дана айтқандай «...адамшылыққа апаратын жол бар».

1.4. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессионалдық қатынастар проблемасы мен қайшылықтары

Саяси, экономикалық, әлеуметтік мәдени алғышарттар әсерінің арқасында заманауи посткеңестік мемлекеттерде діннің құндылықты мәртебесінің өзгертілуі идеологиялық климаттың өзгеруін тудырып, дін рөлінің саясилануына мүмкіндік берді. Әңгіме, дін мен саясаттың өздерінің әртүрлі мақсаттары, қызмет ету салаларына қарамастан, өзара байланысты болуы. Дін мен саясаттың өзара қарым-қатынастары әрбір тарихи кезеңде діни ұйымдардың түрлі буындарының саясатқа қатысу ерекшелігін және саяси қайраткерлердің дінді пайдалану ерекшелігін ашуға арналған нақты талдауды қажет етеді.

Конфессионалды тиістілігіне тәуелсіз діни мекемелер өздерінің әсерлерін қоғамның барлық әлеуметтік салаларына кеңейту және ұстанымдарын нығайтуға бағыттылған өзіндік діни саясатын жүргізеді, ал жекеленген жағдайларда билік үшін ашық саяси күрес жүргізеді, оның ішінде экстремистік нысандарда пайдаланылады. Сонымен діни ұйымдардың жетекшілері жаңа тарихи жағдайларға орай, дінді жаңарту немесе, керісінше, консервативті, фундаменталды бастамаларды қолдану көмегімен ұстанымдарын нығайтуға, оның өз қатарына жаңа ізбасарларды тартуға тырысады. Сарапшылардың пікірінше, осының бәрі Қазақстанда қазіргі кезде діни жағдайдың күрделенуіне әкеледі.

Қазақстанда жаңадан пайда болған діни ұйымдардың әлемді радикалды тұрғыдан қайта құрудың жобасын ұсынады. Олардың уәделерінде Қазақстан халқын ақиқатты сенімге қатыстырып қоймай, сонымен бірге материалдық өркендеуге мүмкіндік беру, ал қоғамның өзін – гуманистік және әділетті қылу. Көптеген азаматтар дәстүрлі емес діндерді қабылдап, күрт өзгерістер жағдайында тұрақтылық пен рухани байсалдықты табуға үміттенеді. Жаңа діни ағымдардың пайда болуы мен бекітілуіне сол мезгілде, мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастардың жаңа үлгісінің қалыптасуы, түрлі діни бірлестіктердің қызмет ету құқықтарының мойындалуы жайлы әсер етті. Атап айтқанда, мемлекет көбінесе осыны жетекшілікке алып, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңды қабылдады.

Сірә, мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастар саласында заңды жетілдіру сұрақтарынан басқа мемлекеттік құрылыс міндеттері мәселелердің бірқатарын шешуді талап етеді. Мұндай мәселелерге келесілер жатқызылады:

1. Діни ағартушылық пен білім;

2. ҚР конфессияаралық қарым-қатынастарын жетілдірудің қажеттілігі;

3. Қазақстанды конфессиялар қызметіне шетел діни орталықтарының әсер етуі;

4. Мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастарды шешудің әлемдік тәжірибесі мен оның қазақстандық ерекшелікке сай шығармашылық тұрғыдан қолдану.

Діни және дінтанулық ағартушылық пен білімге қатысты Қазақстаның осы қызметтің форматтарын анықтау аса қажеттілігіне душар екенін атап өту керек. Діндердің саясилануы, дәстүрлік институттардың өзіндік идеялық негіздерін тәрбиелеу мен ағартудан арылуы өзекті мәселе болып келеді.

Мысалға, Еуропаның зайырлы мемлекеттерінің басыңқы көлемі міндетті түрде мектептерге діни білім беруді енгізген болатын. Діни білім (әрине заң шеңберінде жүзеге асырылатын) жалған діни топтар мен қауымдастықтардан келетін қауіптердің деңгейін төмендетеді. ЕО мұсылмандық қоғамдастықтардың еуропалық мемлекеттердің саяси жүйесі мен мәдениетіне біріктірудің әдістерін іздестіру жағдайында Еуропа мектептерінде діндер (діндер, ал дінтанулар емес) негіздерін енгізу қажеттілігін міндетті деп тапты. Еуропа кеңесінің Парламенттік Ассамблеясы соңғы үш-төрт жылда бірнеше тиісті қаулылар мен ұсыныстарды қабылдады. Мұндай білім берудің, әсіресе, жас адамдарда діни төзімділікке тәрбилейтіні мойындалды.

Қазақстан жеткілікті деңгейдегі қатал бақылау жағдайында менталды мәдениет үшін дәстүрлі діндерді дамыту контекстінде және ата-аналардың өз балаларына осындай білім беруді ұсынуды саналы түрде қалаған жағдайда, діни білім беру жүйесін кеңейте алар еді. Діни ағартушылық пен білім берудің элементтері кеңінен тарала отырып (тек арнайы діни оқу орындарында емес), діни ағартушылықты жоғарылатуда қалыпты рөл ойнауы мүмкін, ол өз кезегінде аса үлкен қауіптер түсетін күмәнді діни ортаның көлемдерін төмендетіп, экстремистік үгіттеушілердің Қасиетті кітаптардан алынған дәйексөзін әдейі пайдалану мүмкіндігінен айырып, мемлекеттегі діни

төзімділіктің деңгейін көтереді (өйткені, кімнің ілімін біліп алсаң, одан қорықпайсың) және қазақстандық қоғамды мемлекет ішінде болсын, не халықаралық деңгейде болсын дінаралық диалогқа шынайы қабілетті қыла алады.

Зайырлы, көпконфессионалды және полиэтникалық мемлекеттің моделінде діни білім беру мен ағартушылықтан басқа дінтаулық білімдердің дамуы мен таралуы өте маңызды. Бүгінгі күні Қазақстандағы дінтанулық білім беру үрдісі «өлі нүктесінен жылжып», кейбір мектептер «Дінтану негіздері» пәнін енгізе бастады. Бірақ, сарапшылар арасындағы түрлі көзқарастардың қарсы тұруы, осы пәнді оқытудың әдістемелік тұрғыдан қамту саласында (оқу әдебиетінің мазмұны жөніндегі дауларды қоса) Білім және ғылым министрлігінің айқындалмаған көзқарасы, пән оқытушыларының дайын еместігі, дінтанулық және діни білім мәселелерінің өзектілігін және мемлекет пен азаматтық қоғам тараптарынан осы саладағы беталысын бақылау қажеттілігін көрсетті.

Қазақстанның діни бірлестіктер қызметінің сипаты мен мазмұнына шетелдік ықпал, мемлекет зейінінен тыс қалмауы керек. Бұл ықпалдың зор екені түсінікті. Ол жағымды (Қазақстанның мүддесін еске ала отырып) және жағымсыз болуы мүмкін. Бұл салада тұрақты мониторинг қажет болады.

Нарықтық шарттардағы діни бірлестіктердің қаржыландырылуы және өмірлік кеңістіктің жаһандануы да маңызды проблемалар қатарына жатады. Ақшалай ағымдарды реттей отырып, діни бірлестіктерді құруға, сонымен қатар оны жоюға да болады. Одан басқа, қаржыландыру, көбінесе, ақшаны ірілендіру мен конфессиялардың діни қызметінің мақсаттары мен параметрлерін ұсынады. Қазақстандық мемлекет бұл саланы бақылауы тиіс.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастардағы бірнеше маңызды сәттерін белгілеп өту қажет:

- Қазақстан Республикасында қызмет ететін шетелдік діни қорлар мен олардың бөлімдерінің саны белгісіз, діни бірлестіктердің шетелден қаржыландырылуы көлемдері айқын емес (оған қоса, олардың қызметтерінің нәтижелері белгісіз);

- біз Қазақстан үшін жаңа діни бірлестіктердің барлығын біле бермейміз, діни тәрбиелеудегі олардың жетістіктері мен кемшіліктері жайлы ақпаратқа кенжеміз (жекелеген жағдайда олардың шығу тегі мемлекетімен арақатынастары, әсіресе осы діни топтардың заңға қарсы әрекеттері көрініс тауып, оларға қарсы сот процестері жүргізілді ме);

- діни және қоғамдық бірлестіктердің араласуы орын алады, ол қажет кезінде өз мәртебесін өзгертуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастар саласында бар проблемаларға көңіл бөле отырып, философия және саясаттану Институтының дінтану бөлімінің қызметкерлері мемлекеттің тиімді дамуы жайлы ойлауды осы мәселелерді шешудің әдістері мен міндеттеріне көңіл бөлуді қажет етеді.

Мемлекет түрлі конфессиялармен ынтымақтастық орнату бойынша нақты идеологиялық тұжырымдаманы жасап шығару қажет. Сол үшін олардың діни қызметтерінің мазмұны мен бағыттарын дұрыс айқындай білу қажет және осы қызметтің нәтижелілігі жайлы қоғамдық көзқарастардың мониторингі маңызды. Біздің мемлекетіміздің мемлекеттік конфессиялық қарым-қатынастар саласында салмақты саясатты жүргізуінен – бейбітшілікті сүйгіш және зайырлы мемлекет ретінде Қазақстанның болашағы да байланысты.

Сонымен, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастарындағы мәселелерге мыналар себеп болады:

1. *Заманауи Қазақстандағы мемлекеттік конфессионалдық қарым-қатынастар саласының аз зерттелу деңгейі және мемлекеттің ҚР діндерінің қызмет ету мәселелеріне көңілді көп бөлгеніне қарамастан, мемлекеттік конфессионалдық*

қарым-қатынастар саласында көптеген проблемалар сақталынып қала береді;

2. Республика халқының Қазақстанның дәстүрлі және дәстүрлі емес конфессияларының догматикалық негіздері жайлы нашар мәліметі болушылығында;

3. ҚР «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» заңның халықаралық құқық нормаларымен кейбір деңгейде үйлеспеуі;

4. Мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастарды сарапшылдық аналитикалық тұрғыдан қоса жүруін тереңдету қажеттілігі. Осыған байланысты қауіп тудыратын діни және дін атын жамылған ілімдер мен тәжірибелерді зерттеп, сарапшылар қоғамдастығы мен діни бірлестіктердің өкілдерін қатыстырумен азаматтық қоғамның институттарымен ашық талқылау өткізу керек;

5. Мемлекет пен діни бірлестіктердің қарым-қатынастарын діннің радикалдығына, экстремизм мен терроризмнің көріну өсіміне орынды тұрғыдан төтеп беру мақсатымен жетілдіру мен тереңдету.

6. «Діни экстремизмді» тұтандыратын және дінаралық пен этникааралық арандатушылықты шиеленістіруге бағдарланған тоталитарлы және қалыпты құрылымы бұзылуын діни бірлестіктердің қауіп төндіруі.

Мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастар ар-ұят және дін тұтудың бостандығын жариялап қана қоймай, осы конституциялық қағиданы қамтамасыз етіп, қорғап; қоғам өмірінен діни негіздегі дау-дамай пен арандатушылыққа әкеліп соқтыратынның барлығын жойып; сенушілер мен сенбеушілердің рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін теңдес шарттарды кепілдей алатын жағдайда мемлекеттің ішкі этникалық саясатының позитивті факторына айнала алады.

Қазақстан Республикасы барлық қоғаммен қатар жеке адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, ең алдымен, мемлекеттің түрлі, соның ішінде жаңа діни ұйымдармен

қарым-қатынастарын реттеудің заңдық негізін жетілдіруі тиіс. Қазақстан Республикасының Конституциясында арождан және дін тұтудың бостандығы, түрлі конфессияларды ұстанатын азаматтардың өз діни бірлестіктерін құруға деген теңдес құқықтары, мемлекеттің діннен бөлектену қағидалары заң түрінде бекітілген. Діндер мен діни бірлестіктердің әлеуметтік қызмет етуін реттеудің нормативтік құқықтық негіздерінің бір қатары жасалынып шығарылған.

Заманауи Қазақстанда белгілі бір дәрежеде қандай да бір діни бірлестіктердің қызмет етуінің нормативтік құқықтық негізі, дін қызметі, қоғам өміріндегі діни қызметтің конфессионалдық жағдайы мен рөлі, яғни діннің қоғамның саяси және рухани салаларына әсер етуінің мәртебесі, саласы және шекаралары әлі де болсын айқындалмаған. Және де бұл жағдайда ҚР БҒМ Философия және саясаттану Институтының діntану бөлімінің қызметкерлері Дін істері жөнінідегі агенттікпен, Қазақстан мұсылмандарының рухани басқармасымен, Орыс православиялық Шіркеудің Митрополиялық округімен, мемлекеттік мекемелер және азаматтық қоғам институттарымен бірігіп жұмыс істеуге даяр.

Мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастар қазақстандық қоғамдағы діннің өзгермелі әсерін есепке ала отырып, мемлекеттік құрылыстың маңызды элементі болып табылады. Дін қоғамдық дамудың адамгершіліктік параметрлерін ұсына отырып, өзінің мәдениет қалыптастырушы және дүниетанымдық қызметімен көзге түседі, ол өз кезегінде діннің зайырлы қоғамдағы рөлін анықтауда тұжырымдамасын әзірлейді, мемлекет пен діннің өзара әрекеттесуінің үлгісін таңдауды, мемлекеттік саясаттың «діндарлығы» мен «зайырлығы» шекараларын анықтауды, білім беру және ағартушылық жүйесінде және т. б. діни және діntанулық білімдерді таратудың мүмкіндігін айқындайды.

1.5. Ұсыныстар

1. Қазақстандағы мемлекеттік конфессионалдық қарым-қатынастардың жаңа парадигмасын қалыптастырудың жағдайында діннің зайырлы мемлекеттегі рөлі мен мәртебесін талқылап, анықтап, мемлекеттің, қоғамның және діннің өзара әрекеттесуі үлгісін жасап шығару мақсатымен сарапшылдық, талдаулық, педагогикалық қоғамдастықтардың, дін істері жөніндегі құзырлы мемлекеттік органның, діни конфессиялар өкілдерінің, азаматтық қоғам белсенділері бастарының қосылуы маңызды.

2. Діннің өркендеуі аясында, азаматтардың діни руханилықтың қайнар көздеріне деген қызығушылықтарының арта түсуін пайдалана отырып, діни қажеттілікті орындау үшін мемлекеттің қамту шаралары маңызды, оның ішінде діни және дінтанулық білім беру мен ағартушылықтың контекстінде дін туралы білімдерді иеленудің жүйесіне үлес қосу қарастырылады.

3. Қазақстанның зайырлы даму жолының конституциялық декларациясын есепке ала отырып, мемлекеттік саясатта, идеологияда діннің мүмкінді қолданылу шамасын, діннің заманауи қоғамдық құрылымды құрудағы мүмкіндігін анықтау маңызды.

4. Қазақстандық ортаның поликонфессиялығынан шыға отырып, мемлекеттік конфессионалдық қарым-қатынастарды реттеудің үрдістерін жетілдіру керек: бұл реттеушілікті жүйелі, кешенді жүргізіп, мемлекеттің ғана емес, сонымен қатар азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін тарта отырып, қазақстандықтардың жағдайы мен менталитет сипатын ескеру қажет.

5. ҚР «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» заңының тәжірибелік тұрғыдан жүзеге асырылу тиімділігін жоғарылату

үшін заң астарлы актілер мемлекеттік органдардың қайсылары және заңды орындаудың мониторингісін қалайша жүргізуі тиіс сияқты сұрақтарды нақты анықтауы қажет. Діни белсенділік мониторингінің өлшемдері Қазақстанның демократияға және әлеуметтік қарым-қатынастарды құқықтық тұрғыдан реттеуге деген бағытына сай дайындалуы тиіс.

6. Мемлекет пен дәстүрлі конфессиялар қазақстандық қоғам үшін моральдық этикалық бағдарлар жүйесін әзірлеп және енгізу үшін өзара бірлескен шараларды қолданып, этникалық конфессионалды шиеленісті бәсеңдету, дін атын жамылу негізде бұқаралық сананың экстремистігін болдырмауға барынша күш салулары қажет.

7. Қазақстандағы геосаяси ықпалдың жағдайларында дін және мемлекеттік даму саласында кәсіби қызметкерлер мен қарапайым азаматтарды біріктіре алатын мемлекеттің зайырлы дамуының жақтастарының әлеуметтік желісін құру керек. Мұндай желінің мемлекеттік органдар, діни ұйымдар, оқу орындары, жеке азаматтар арқылы жұмыс істеуі дінмен өзара әрекеттесу саласында мемлекеттік саясаттың жүргізілуіне және қазақстандық этникалық конфессионалды мәдени сәйкестендірудің пайда болуына мүмкіндік берер еді.

Әдебиеттер

1. Закон Республики Казахстан «О свободе вероисповедания и религиозных объединениях» // Ведомости Верховного Совета Республики Казахстан. – 1992. – № 4.

2. Закон Республики Казахстан «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» // Казахстанская правда. – 2011.– № 330-331 (26721–26722). – 15 қазан.

3. *Байдаров Е.У.* Роль и место религии в культурно-цивилизационном развитии социума эпохи глобализации // Мир и религия. Общественный и научно-популярный журнал. – 2009. – № 2. – 39–43 б.

4. *Бурова Е.Е.* Феномен «навязанной» идентичности // Центральная Азия и Кавказ. – 2011. – № 3. – 73–89 б.

5. *Косиченко А.Г.* Государственно-конфессиональные отношения в Республике Казахстан. – В кн.: Республика Казахстан: опыт государственного строительства и перспективы социально-политической модернизации. – Алматы, 2010. – 228–237 б.

6. *Косиченко А.Г.* Современные модели государственно-конфессиональных отношений. – В кн.: Поиск моделей взаимоотношения государства и религии. – Алматы, 2011. – 338 б. – 44–53 б.

7. *Одинцов М.И.* Светское государство как фактор социальной стабильности и демократического развития общества. – В кн.: Религии России: проблемы социального служения. – Н. Новгород, 2011.

8. Закон Республики Казахстан «О противодействии экстремизму» от 18 февраля 2005 г. // Казахстанская правда. – 2005. – № 45–46. – 26 ақпаны.

9. См.: http://www.religiopolis.org/publications/2603

10. См.: http://krinica.minsk.edu.by/sample-page/zakonyi/zakon-respubliki-belarus-o-svobode-sovesti-i-religioznyih-organizatsiyah/

11. См.: http://press.try.md/item.php?id=118404

12. См.: www.igormalin4.blogspot.com›2009/12/8-2009.html

13. Там же.

14. См.: http://www.prav-mir.ru/

15. См.: http://www.trend.az/news/society/1822483.html

16. См.: http://www.religio.ru/arch/09Feb2011/news/21216.html

17. См.: http://www.adc.kg/index.php?option=com_content&view=article&id

2. САРАПШЫЛАР ТҮСІНІКТЕМЕСІ

МЕМЛЕКЕТ ПЕН ДІН: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НАҚТЫЛЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ («Литер» газетіне сұхбат)

Анатолий Косиченко

Соңғы кездері мемлекет пен діннің өзара қарым-қатынастар тақырыбы қайтадан өзекті бола бастады. Заманауи Қазақстандағы мемлекет пен діннің ынтымақтастығының бағыттары мен республиканың жаңартуында діннің мүмкіндіктері жайлы ҚР БҒМ Ғылым Комитетінің философия және саясаттану институтының бас ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының докторы, профессор Анатолий Косиченконың айтып беруін өтіндік.

ЛИТЕР-Неделя: Анатолий Григорьевич, қазіргі кезде тек посткеңестік кеңістік те ғана емес, сонымен қатар күллі әлемде дін өзінің қалыпты мүмкіндіктерін жүзеге асыруды қиыншылық көретін жағдайға тап болып жүр.

- **А.К.:** Иә, бұл шынымен, солай. КСРО кезінде билеушілік жасаған мемлекеттік атеизм артта қалды және діннің орасан зор позитивті мәні жеке, қоғамдық және мемлекеттік деңгейлер сезіліп, мойындала бастады. Дін – адамзат тіршілігінің мәнін ашатын және адамға мәңгілік құтқарушылықты иелену үмітінде әділ және ерікті түрде өмір сүруге көмектесетін адамзаттың фундаменталды негіздерінің бірі. Дінге (Алла мен адамның тұтастығындай) өздерінің жоғарыдан жазылған мақсаттарын орындау мүмкіндігін беру керек сияқты да. Шынайы жағдайларда тек бізде ғана емес, яғни посткеңестік кеңістікте, сонымен қатар

күллі әлем бойынша дін адамзаттық қауымдастықты өзінен артынан еріту мүмкіндігінен арылған. Бізге қарсы сөйлеушілер де болуы мүмкін: қалайша сонда, дін қызметі бостандықты иеленіп, оған қоғам мен адамдарға әсер етудің құқығы ұсынылған жоқ па? Дәл солай: оған мұндай құқықтар берілген. Бірақ, Құдай мен адамның тұтастығына қандай да болсын құқықтар берілуі тиіс пе? Бұл тұтастық бастапқы және шүбәсіз емес пе? Кім осы құқықтарды сеніп немесе олардан ажырата алады? Біздің көруімізше, қайсар, өрескел атеизм тым жалғызсырап, соның есебінен артқа шегінгенімен, дін мәнін дұрыс түсінбеу әлі күнге дейін үстем болуда.

Ресейде Мәскеулік және Күллі Ресей Патриархы Кирилл мұндай түсініспеушіліктің қабырғасын бұзып шығу үшін орасан зор күш салады, яғни, шіркеудің билік үшін істей алатынның ең ұлысын істеп жатқанын, ол жайлы, оның құтқарылуы, саналануы, сәттілігі үшін дұғалар оқитынын билікке дәлелдегісі келеді; қоғамға айқын нәрсені, яғни шіркеулік меншік шіркеу қарамағында болуы тиіс екенін дәлелдегісі келгенімен, атеистикалық қоғам бұрыңғы әрекеттерімен иондардың мұражайда емес, храмдарда сақталатынымен келіспейді; отбасының қоғамның ұяшығы мен тірегі ретінде толыққанды, мемлекет күтімімен қамтылуы тиіс екенін еске салғысы келеді, бірақ мемлекет өз саясаты мен БАҚ арқылы отбасы және шіркеумен құрметтелген некені бұзып, «ерікті махаббат» пен сезімдік ләзаттылықтың «тежеусіз» еркіндігін жақтап; жас ұрпақты адамгершілік негізде тәрбиелеп, оқыту керек екенін дәлелдегісі келеді, ол үшін мектептерде жыныстық тәрбиелеу курстарын емес, ал діни пәндерді енгізу керек; шіркеуге әлеуметтік қызмет жасау қоғамға қажет, өйткені, міндеттерді жеңілдендіре түсіп, мейірімділікке үйретететінін көрсеткісі келеді. Осы анық ақиқатты биліктің түсінбеушілігі арқылы азаппен бұзып өтіп және дінге қарсы жақтың озбырлығына кедергі жасады.

Діннің құқықтарын қай жерден көріп тұрсыз? Және қандай құқықты? Моральға сүйену керек деген мәнсіз қаратпаларға ма? Шексіз ымыраға ма? Қоғам мен діннің өзара әрекеттілігінің жүйесін бұзған және адамдарды дін тұту әдеттерінен айырған атеизм жасаған жылдарға деген сілтемелердің барлығы – құлықшылдық. Мұндай жағдайдың ақиқатты себептері – бір жағынан, биліктің дін рөлінің және оның қоғамның барлық салаларына ықпалының өсуіне мән бермеуі, екінші жағынан, халықтың бұқаралық сенбеулігі. Бүгінгі күні Құдайға сену қиын, ол өз кезегінде рухтың тәртіптілігін, құрбаншылдықты, махабатты талап етеді – осының барлығы ресейлік қоғамда болсын, қазақстандық қоғамда болсын жетіспейді. Тұспалдамай сөйлейтін болсақ, жаппай дінге сенушілдігі жарияланғанына қарамастан, халықтың бұқаралық сенімсіздігімен салыстырғанда, биліктің дінді бақылау мүмкіндіктері одан гөрі жақсы. Сол себепті, дін сенуші ортаны тәрбиелей отырып, халықты діни тұрғыдан көзін ашу керек, өйткені, мұндай жағдайда ғана қоғамдағы діннің мәні арта түседі. Бұл жағдайда ол зорлық зомбылықсыз, мемлекетке деген қандай да бір тиімді ұсыныстар мен преференцияларды қамтамасыз ету талаптарсыз ақ өсе алады. Дін мемлекеттің дінмен әріптестігі мемлекеттің мүддесі екенін дәлелдеуі тиіс. Дін мемлекеттен өз мәртебесі мен рөлінің жоғарылатуын талап етпеуі тиіс (оның ішінде, халықаралық тәжірибе мен құқыққа шағымсыз), ол өзінің позитивті мүмкіндіктерін көрсетуі тиіс, сол кезде ғана оның мемлекетпен әріптестігі шынайы және өзара пайдалы болады.

ЛИТЕР-Неделя: Осыған байланысты, қазіргі таңдағы және болашақтағы дін мен мемлекет арасындағы ынтымақтастықтың нысандары мен бағыттары туралы мәселе туындайды.

- **А.К.:** Қазақстанда мұндай ынтымақтастықтың келесі бағыттары қалыптасқан: қазақстандық қоғамда бейбітшілік пен келісімділікті қолдау; діннің әлеуметтік қызметі (мейірім-

ділік пен қайырымдылық істері; әскери қызметін өтеп жатқандарға, құқық қорғаушы органдардың қызметкерлеріне, бостандықтары шектеулі адамдарға күтім көрсету (мұнда дегенмен, барлығы бірдей емес, яғни діннің ҚР БМ жүйесіне енуін жақтамайтын қарсы жақтар бар), қоғамдағы адамгершілікті қолдау мен дамыту, отбасыға күтім көрсету, мәдениетті сақтау және дамыту, мемлекет пен дін арасындағы диалог, діндер арасындағы диалог. Осы бағыттардың бір қатары бойынша мемлекет ислам және православие сияқты діндермен белсенді түрде ынтымақтастыққа түседі, оны әрине түсіндіруге болады: бұл діндер бұқаралық сипатта көрініс табады (ол өз кезегінде осы діндердің әріптестіктің барлық түрлерінде көбінесе қатысуын талап етеді), және олардың Қазақстанның қоғамдық және мәдени өмірімен тарихи тұрғыдан байланыстары бар. Соған қарамастан, жаңа діни қозғалыстар мемлекетпен ынтымақтастыққа түсе алады. Мысалға, жаңа протестанттық деноминациялардың бір қатары нашақорлық пен маскүнемдік сияқты зұлымдыққа қарсылық білдіріп, соған төтеп береді. Кришна санасының қоғамы ұзақ уақыт бойы тегін асханаларды ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізеді (бұл, әсіресе, біздің азаматтарымыз күндерін көре алмаған жағдайда, яғни өтпелі кезеңде ерекше маңызды болды).

Кейбір жаңа діни қозғалыстар өздерінің мемлекетпен ынтымақтастығын жүзеге асырудың қиыншылықтарымен байланысты терең ойға түседі, ЖДҚ дәстүрлі діндер иеленетін мұндай ынтымақтастығы ақталмайтын артықшылықтары туралы сөз қозғайды. Бірақ, жоғарыда аталғандай, мұндай артықшылықтар шынымен бар. Дегенмен, ЖДҚ тарихи қалыптасқан жағдайларға реніш білдірмей, тұрақты және әрекетті түрде осы салада еңбек етіп, қазақстандық қоғамға өзінің позитивті талаптары мен әлеуметтік қызмет ісіне өзінің ниеттілігін білдіруі керек. Және де қазақстандық қоғам осы талаптар мен ниеттерді қабылдайды.

Мемлекет пен дін әріптестігінің қалыптасқан және өзін-өзі ақтаған нысандарымен қатар дамуы үшін қайта қалыптасатын беталыстарын көрсетуге болады. Бұл білім беру саласындағы осындай позитивті қадамдар, яғни діни білімдердің элементтері мектептік жүйеде оқытыла бастауы, бұл діни шығарылымдар мен БАҚ санының өсуі, бұл жастар саясатын жүзеге асыру үрдістерінде мемлекет пен діннің өзара әрекеттесуінің күшеюі, бұл Қазақстанның Православиялық шіркеуінің жеткілікті деңгейде жеке мәртебені иеленуі, бұл мемлекеттің мемлекеттік конфессионалдық қарым-қатынастарды қалыптастыру саласындағы жеке бастамаларды халықаралық деңгейге шығару (бұл саладағы біздің тәжірибеміз ЕҚЫҰ қатысушы мемлекеттермен мойындалды) және т.б.

Мемлекет пен діннің әріптестігінің нысандарын дамыту саласында негізгісі ретінде Қазақстанның зайырлық қағидасын мойындайды, ол өз кезегінде мемлекеттің діни бірлестіктердің ішкі істеріне араласпауын және діннің мемлекеттің өз қызметтерін орындау үрдістеріне араласпауын талап етеді. Дегенмен, бұл жағдайда мемлекеттің діни қауымдастықтарға қатысты белгілі бір саясаты орындаудан мүлдем бас тартуы міндетті емес екенін, ал дін өз кезегінде діни адамгершіліктік ұстанымдардан мемлекеттік саясатты бағалай алу құқығын сақтай алатынын ескеру жөн.

Мемлекеттік құрылымның зайырлы түрі абсолютті түрде басым екенін тағы да атап өтейін (бар болғаны алты-жеті заманауи мемлекет қана шынайы теократиялық болса, дәл соншасы шынайы атеистік болуы тиіс). Дегенмен, заманауи әлемде зайырлы режімдердің абсолютті саны жағдайында осындай зайырлы мемлекеттерде мемлекеттің діни бірлестіктермен өзара қарым-қатынасының нақты нысандары жиі жиі көрініс табады (діннің қандай да болсын қоғамдық және мемлекеттік өмірінен ығыстырылуынан бастап бір немесе екі дінді ресми тұрғыдан қолдауға дейін). Мемлекеттік құрылымның за-

йырлы түрін қолдана отырып, Қазақстан әлемде қабылданған нысандардың кең спектрінде өзінің мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастарын құрай алады. Бұл жағдайда республика осы саладағы халықаралық тәжірибе мен өзіндік ұлттық қызығушылықтары мен шынайылықтарына бағдарлана алады. Оған қоса, конфессияаралық келісімді дамыту мен сақтаудың саласында Қазақстанның тәжірибесі әлемде кеңінен мойындалып жатыр.

ЛИТЕР-Неделя: Республикадағы мемлекет пен дін ынтымақтастығының нысандары мен бағыттары туралы айтқанда, Қазақстандағы жаңарту үрдістері діннің мүмкіндігі, мәні мен рөлі тақырыбын қозғамау мүмкін емес.

- А.К.: Мемлекеттің көзқарасы бойынша мемлекет пен діннің өзара әрекеттестігінің нәтижесі ретінде мемлекеттің дін жаңғыртылуы мен жан-жақты дамуының жолдары бойынша табысты жылжуы қарастырылуы тиіс. Әрбіреуіміз діннің осы жаңғырту ісінде өзінің барлық мүмкіндігін көрсете алғанын қалаймыз, бұл оның қоғамдық маңызы бар қабілетке ие екенін дәлелдер еді. Бұл қатынаста діннің рөлі айқын сезілінуі мүмкін. Бірақ, барлық әлемдік діндердің өздерінің жеке даму идеяларына сыни көзқараспен қарайтындарын белгілеп өту қажет.

Діннің күші оның негізіне жататын дәстүрлер мен догматтар жолын ұстауы. Дін догматтары белгілі бір уақыт ішінде дами алғанымен (негізінен, кезеңнің жаңа талаптарына сай олар өзекті бола бастағандарында) өз мәнін өзгертпейді. Және де бұл сенушілер немесе конфессия көшбасшыларының субъективті ниеттерімен байланысты емес. Діннің ақиқаттары абсолютті сипатқа ие, олар өздерінің мәндерін қандай да болсын уақыт кезеңдерінде сақтап қалады, өйткені, оларды Құдайдың өзі мен оның пайғамбарлары өсиет етіп қалдырған. Сол себептен діндер басқалар секілді дамымайды. Діндердің догматикалық болуы олардың өзгергісі келмегеніне байланысты емес, олар бұған бара алмайды, өйткені, діннің мәндік негізіне қарсы шыға алмайды.

Догматикалық немесе дін тұтушылық жаңғыртуды жүзеге асырған діни жүйелер Қасиетті өсиетпен байланыстарын жоғалтты (мысалға, протестантизм апостолдық мирасқорлықтан арылып, қазіргі таңда құтқарушы дін ретінде Римдік католикалық шіркеумен және православиялық шіркеулермен мойындалмайды, сонымен қатар протестантизмде игілік жоқ және құтқарылу мүмкін емес деп белгіленеді). Протестантизмнің уақыт рухына сай болудың біртіндеген қалауы әйел дін қызметкерлері мен епископтылықтың пайда болуына, бір жыныстық некелердің мойындалуына, түсік тастауға рұқсат алуына, қинамай өлтірудің орындалуына әкеліп соқтырғанымен, осылардың барлығы мадақталмайды немесе Қасиетті Өсиетте кінәланады. Қазіргі таңда христиандықта, секуляризмнің талаптары мен зайырды құндылықтардың идеалдарын ресми түрде орындаулары жағына отырып, Құдайға ер жынысын беруге (гендерлік теңдіктің басымдығы), Рождествоны тойлауға (қыстық, жаңа жылдық ағаш тойланады), Құдайға тіл тигізушілік үшін адамдарды жауапкершілікке тартуға болмайды (ақырғысы еріктіліктің көрінісін білдіреді), еуропалық мемлекеттердің біразында бойтұмарлық кресттерді тағуға рұқсат етілмеген, адам құқығы жайлы Еуропалық сотпен итальяндық мектептерде керіп тастауды қолдануға тыйым салынған. Римдік католикалық шіркеу әлемдегі өзінің ықпалын сақтап қалу үшін жаңғырту жолымен қозғалғанымен (Екінші Ватикандық соборда 1962–1965 жылдары кейбір деңгейде Римдік католикалық шіркеудің тәжірибесін жаңартатын декларациялар мен конституциялар қабылданған болатын), бүгінгі күні бұрынғы тәжірибесіне қайта оралды.

ЛИТЕР-Неделя: Ал ислам өзінің негіздерінің жаңартылуына қалай қарайды?

- А.К.: Осыған ұқсас. Бірақ, әрбір жаңа жүзжылдықта ислам жаңартылады деп ұйғарым жасалғанымен, контекстіден көріп отырғанымыздай, ақиқаттардың өздері емес, ал «мәліметті жеткізу» жолдары өзгертіледі. Исламда «фундамен-

тализм ізбасарлары» мен «реформа жасаушылар» арасындағы қарама-қарсылық әрдайым көрініс тауып отырады, және осы ағымдардың екеуі де дұрыс: өзгере отырып, негіздерді сақтап қалу керек. Бірақ, «реформаторлар» өздерін әрдайым қолайсыз сезінеді, бұл өз кезегінде джадидизммен және М. Икбаланың талпыныстырымен қайталанды, ал егер бұл аздық етсе, онда исламның кейбір мойындамаған секталарын қосып қоюға болады. Сол себептен салафияның ұстанымы мықты көрініп, «исламның негіздеріне» оралу үгіттері құштарлықпен қабылданады. Бұл үгіттерден Пайғамбар мен төрт тақуа халифтердің заманындағы ислам ақиқаттарының бүтін жағдайын сақтап қалуға деген талпыныстарды көруге болады.

Сонымен, әлемдік діндер өздерінің мән маңыздылықтарын жоғалтпай, жаңғырмайды. Олардың қолдана алатындардың ең зоры – бұл ескі мәселелердің жаңадан қойылуы, егер де, ол әрине ислам дінінің ақиқаттарын заманауи кезеңнің адамына жеткізуге керек болса ғана. Адамзат кезіктіретін жаңа сұрақтар мен жаңа мәселелерге діндер жауаптардың түрлі нысандарын дамытып, қолдана алғанымен, діни ақиқаттың абсолюттілігі өзгермеген күйде қала береді.

Осыған байланысты келесі сұрақты қоюымыз орынды болар еді: діндер өздері жаңғырмай-ақ жағымды тұрғыдан мемлекетті жаңғыртуға қатыса алады ма? Иә, қатыса алады, діндердің жаңғырту үрдістерде ауыстыруға болмайтын рөлдері бар. Бұл рөл полифониялық және әр алуан болғанымен, адам тәрбиесінің, ең біріншіден, адамның адамгершіліктік және рухани тәрбиесінің айналасына топталады. Дін адамның өміріне мән-мағына беріп, оны рухани тұрғыдан дамытады. Және мұндай дамудың үрдісінде адам (адамдардың жиынтығы – қоғам) мемлекетпен жүргізілетін жаңғырту үрдістеріне белсенді, саналы түрде қатыса алады.

Мұнда тек бір маңызды шарт шығып отыр, яғни кез келген рухани дамыған адам кез келген жаңғыртуды басынан

кешіріп, оны қолдай алмайды. Сол себептен дін жаңғырту үрдістеріне септігін тигізе алады ма деген мәселе келесі мәселемен жалғасады: жаңғырту үрдістері адамның рухани қажеттіліктерін дамыта алатындай керекті бағытпен жүре ме? Иә деген жауап қайтарылса, онда дін жаңғыртуға септігін тигізеді, егер жоқ болса, онда дін мұндай жаңғыртуға қарсы болады. Сол себептен дін «адамзат әлуетті», «адамзат қорларды», «адамзат факторды» сәтті жаңартудың шарты, жаңартудың субъектісі ретінде қалыптастыра отырып, әрдайым жаңартуға септігін тигізеді деп бір мәнді және үзілді-кесілді айтуға болмайды. Егер жаңғыртудың астарында тек экономикалық прогресс пен саяси жүйенің реформалануы түсінілсе, онда дін мұндай жаңғыртудан тыс қалады. Ал егер жаңғыртудың мақсаты адамға бағдарланған әділетті қоғам құру болса, және жаңарту қоғамдағы адамгершіліктің тереңдетілуіне, оның рухани негіздерінің дамуына, адамның рухани дамуына септігін тигізетін болса, онда дін мұндай жаңартудың, оның ішінде экономика мен саясат жаңартудың локомотивіне айнала алады.

Иә, дін адамды адамзат ресурсы ретінде қалыптастырмайды, керісінше рухани дамыған адам ретінде қалыптастырады деп айтуға болады, ал бұл өз кезегінде адамның мүлдем басқа қасиеті, «адамзат факторы немесе әлеуетке» қарағанда бұл – тұрмыс пен тарихтың мән маңызын түсінетін адам.

ЛИТЕР-Неделя: Діннің жаңартуға қатысуының тәжірибелік қиындығы туындайды ма?

- А.К.: Иә. Адамгершілік, оның ішінде діни адамгершілік заманауи экономиканың моральдық ұстанымдарымен, заманауи экономикалық дамудың сипаты, стратегиялары және нысандарымен ірі қарама-қайшылықтарға түседі. Заманауи экономикалық жүйе, заманауи қаржылық жүйе мүлдем адамгершілікке бағдарланбайды. Оған қоса, заманауилықтың экономикалық және қаржылық жүйелері принципиалды тұрғыдан адамгершілікті жатсынады. Бұл жүйелердің қызмет

етуінің негізіне адамның рухани дамуы емес, ал пайда жатады. Бұның ішінде дін мен адамгершілікке қай жерден орын табылған? Діннің шынайы мақсаты, яғни адам жанының мәңгілік өмір үшін құтқарылуы жайлы бұл контекстіде мүлдем айтпай ақ қояйық. Алдымызда қиындықтың тұрғаны айдан анық.

Жаңарту үрдістерінде діннің рөлі жөніндегі сұрақ бірінші рет қойылып отырған жоқ. Кез келген нысан кейпіне ене отырып, бұл сұрақ адамзаттың алдында әрдайым тұратын. Ал дін әрдайым бірдей жауап қататын: «Менің патшалығым өзге әлемнен емес» немесе «Құдай мен Мамонеге бірдей құлшылық жасай алмайсыз». Бізге жақын бертінгі уақытта, яғни 2004 жылы Орыс Православиялық шіркеуі ұйымдастыратын Әлемдік орыс халықтық жиналысында біздің тақырыбымыз үшін келісімді және қызғылықты құжат қабылданды – экономика дамуының адамгершіліктік қағидалары жарияланған «Шаруашылықты басқаруда адамгершіліктік қағидалар мен ережелердің жинағы». Бұл қағидалар мен ережелер діни өсиеттерге сүйенгенімен, адамзаттық тұрмыстағы экономикалық салаға қатыстылы болып келеді. Бүгінгі күні осы қағидалардың сарапшылар қоғамдастығына мәлім тиімділігінің талдауы жоқ болғанымен, олардың шынайы, заманауи қаржылық-экономикалық жүйеде кеңінен қолданылуы екіталай деген ой тұжырым мүмкіндігінше аз қалыптасады. Табысқа бағдарланған және адам жайын мүлдем ұмытқан заманауи экономиканы осы талаптарға сай жандандыру қиынға соғатын секілді.

Заманауилықтың саяси жүйесінде ұқсас жағдай қалыптасқан. Мұнда, дегенмен, жандандыру болмаса да, белгілі бір деңгейде халықаралық саясатты жұмсартып, оған гуманистикалық векторды берудің заманға сай мүмкіндіктері қолданылып жатыр. Дін заманауилықтың қауіптер деңгейін төмендете алады, оны өз кезегінде 2009 жылы Астанада өткізілген дәстүрлі және әлемдік діндер көшбасшыларының III Съезд қатысушылары барынша түсінген болатын. Әрине, бұл

саладағы тәжірибелік ұсыныстармен терең және көп жұмыс істеу керек болғанымен, діннің саясатқа «адами кейіпін» беруіндегі мүмкіндіктері ұғындырылды.

Жаңғырту мәдени аспектілеріне келіп, дін мәдениеттің рухани негізі болуы нәтижесінде мәдениеттің дін шеңберінде принципиалды тұрғыдан тамырлануын есепке алатын болсақ, онда діни негіздердегі мәдени саланың жаңғыртылуы мүмкін және әрекетті. Мұнда тұжырымдамалық қиыншылықтар туындамағанымен, жүз пайыздық кәсіби жұмыстың, негіздерді, кезеңдерді, міндеттер мен оларды шешудің тактикаларын стратегиялық тұрғыдан қарастырудың болмауы мүмкін. Бірақ бұның барлығын жеңіп шығуға болады.

Діннің тек қана Қазақстанда жаңғыртуына қатысудың үлкен әлеуетін иеленгенін атап қана қоймай, мемлекеттің өмірлік маңызды салаларында да үлкен әлеуетті иеленетінін атап өтейін. Және дін дамудың ең кеудемсоқтық жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндік беруге дайын, өйткені, ол барлық жер беттік тіршіліктерден жоғары тұрады, себебі, ол Құдай мен адамның бірігу саласы, яғни бұл жағдайда адамның қасынан Құдай әрдайым табылып отырады, мұндай «көмекшіні» әр біреуіміз қалайтын шығармыз. Дегенмен, мұндай жүзеге асыру шараларын, оның ерекшелігі мен рухани мәнділігін есепке ала отырып, дінді саналы, даналы «тарту», өте күрделі болғанымен, бірақ әбден орындалады.

– Сындарлы әңгімеңіз үшін рахмет. Табыс тілейміз!

Әңгімелескен Күләш Турғазиева,
Алматы, «Литер» газеті, 07.10.2010

2011 жылдың 11 қазанында Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы мемлекеттің Парламентімен қабылданған болатын. Ол ҚР Президенті Н.А.Назарбаевтың қол қоюынан кейін (13.11.2011) 2011 жылдың 15 қазанынан бастап 330-331 (26721-26722). «Казахстанская правда» үнқағазында жарыққа шыққан болатын.

Қазақстандық сарапшылар қоғамдастығы, оның ішінде ҚР БҒМ Ғылым Комитетінің Философия және саясаттану институтының қызметкерлерінің осы Заңға деген көзқарастары төмендегі келтірілген материалдарда қамтып көрсетілген.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «ДІНИ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕР ТУРАЛЫ» ЖАҢА ЗАҢЫНЫҢ ШЕТЕЛ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ДІНИ ЗАҢДАРЫМЕН САЛЫСТЫРМАСЫ

Кристина Фасиева

2011 жылдың 11 қазанында Қазақстанның президенті Нұрсұлтан Назарбаев ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» атты заңына қол қойған еді. Мемлекет басшысының прессалық қызметінің хабарлауынша, заң «діни бірлестіктер жөніндегі заңның олардың мәртебесі мен қызметін нақты реттемелеу, қажетті құқықтық шектеулерді бекіту, сонымен қатар заманауи мүмкіндіктер мен беталыстарды есепке ала отырып, конфессионалды қарым-қатынастарды реттеу саласында» жүйелік жұмыстың негіздерін анықтау жолдарымен жаңартуға бағытталған. Оған қоса, Елбасы соған ілеспелі «Діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен қосымшалар енгізу туралы» заңға қол қойған болатын.

Президенттің сөздері бойынша, «Біздің көпұлттық үйімізде бейбітшілік пен келісімділіктің орнатылуы – Қазақстанның ең басты игілігіміз. Біздің басты міндетіміз – халықтың бірлігін сақтап қалу. Сол себептен бертін уақытта Қазақстаның Республикасының «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» заңына қол қойылған еді. Онда діни бірлестіктердің құқықтары мен міндеттері айқын мазмұндалып, мемлекеттің біздің қоғамыздың дінаралық толеранттылығын нығайтудағы рөлі белгіленген».

Қазақстан Республикасының Дін істері жөніндегі агенттіктің төрағасы Қ.Қ. Лама Шариф жаңа заң жөнінде бірнеше рет түсініктемелер жасаған еді. «Ешбір дін мемлекеттік және міндетті болып қалыптаса алмайды, сонымен қатар заңның кіріспе сөзбасында ханафиттік ілімдегі исламның және православияның қазақстан халқының рухани өмірі мен мәдениетін дамытуда тарихи рөлі белгіленіп, қоғамның рухани мұрасымен үйлесетін басқа діндерге де сыйластық көрсетуі айқындалған», деп түсіндірді ол.

Осы заңның нормалары қазақстандық қоғамның реакциясына себеп болып, күллі әлемдік қоғамдастықтың ерекше назарында қалған еді. ҮЕҰ бірқатары құжатты қайта қарастыруды талап етсе, ал халықаралық құқық қорғау «Freedom House» органының есептеуінше, Қазақстан Республикасының жаңа заны қазақстандықтардың дін тұту еркіндіктеріне деген құқықтарын бұзады.

Бірақ, заң жобасын дайындауда ТМД және Еуропа мемлекеттерінің бірқатарының қолданыстағы заңдары зерттелгенін ерекше тұрғыдан атап өту қажет. Егер Қазақстан Республикасының «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» заңын шетел мемлекеттерінің діни заңдарымен салыстыра отырып, қарастыратын болсақ, онда қазақстандық және шетел заң нормаларының бұл мәселеге қатысты ұқсастықтарын атап өтпеу мүмкін емес.

Мысалға, ҚР «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» заңындағы үшінші бабының бірінші тармағы «Мемлекет дін мен діни бірлестіктер қызметінен ажыратылған» деп жариялайды. Көптеген Еуропалық және ТМД мемлекеттерінің Конституцияларында дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен ажыратылғандары нақты көрсетіледі. Мысалға, *Венгрия* Конституциясы бойынша, шіркеу мемлекеттен бөлінген, мемлекеттік дін мүлдем жоқ (60 баптың үшінші тармағы). *Франция* зайырлы мемлекет болып табылады. 1905 жылдың 9 желтоқсанындағы француз заңның бірінші бабы бойынша барлық діни бірлестіктер мемлекет алдында тең. Республикандық органдар мемлекеттік бюджет есебінен ешбір дінді қаржыландырмағанымен, діни бірлестіктерге мемлекет меншігіндегі ғимараттарды ұсына алады (2 және 13 баптар). *Испания* Конституциясы бойынша дін мемлекеттен бөлінген. 1978 жылы Испания Конституциясы он алтыншы бабында «ешбір дін мемлекеттік бола алмайды» деп жариялаған еді. *Италияда* шіркеу ресми түрде мемлекеттен ажыратылған және өзінің мемлекетпен қарым-қатынастарын арнайы келісімдер мен заңдар көмегімен, оның ішінде 1984 жылы қабылданған «Жаңа Конкордат» арқылы реттейді. *Швейцария* Конституциясы бойынша әрбір кантон өзінің діни ұйымдармен қарым-қатынасын өзі анықтайды (жетінші баптың бірінші пунктысы). *Бельгия* Конституциясының 21-бабына сай ешбір мемлекеттік орган діни бірлестіктердің ішкі қызметіне араласа алмайды. *ГФР* Конституциясы бойынша дін мемлекеттен ажыратылған, және де германдық үкімет діндер бостандығын қамтамасыз етуге қатысты Негізгі заңның баптарын айқын және бірітіндеп орындауға тырысады. *Германияда* діни бірлестіктер мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастар әріптестік қағидаларға сүйенеді. Сол сияқты *Турцияда* да дін мемлекеттен заң тұрғыдан бөлінген, және дін тұту бостандығы мемлекеттің әрбір азаматына кепілдеме ретінде берілген.

Қазақстан Республикасының үшінші бабының үшінші тармағы мынаны жариялайды: «Ешбір дін мемлекеттік және міндетті болып қалыптаса алмайды». Заңның мұндай тармағы еуропалық мемлекеттердің заңдары мен Конституцияларында, сонымен қатар ТМД мемлекеттерінің заң актілерінде жиі кездеседі. Мысалға, *Испания Патшалығының* Конституциясының он алтыншы бабында конфесссиялардың біреуі де мемлекеттік мәртебені иеленбейді деп нақты көрсетілген. Сол сияқты *Турция* Конституциясында 1928 жылдан бастап ислам мемлекеттік дін ретінде есептелмейтіні айқын көрсетіледі және бүгінгі күні турциялық заң бойынша ешбір дін мемлекеттік немесе ресми болып танылмайды. *Беларусь Республикасының* 2002 жылғы 31 қазанында бекітілген № 137-З «Ар-ұят және діни ұйымдар бостандығы туралы» заңының алтыншы бабы «діни ұйымдардың идеологиясы азаматтар үшін міндетті болып танылмайды» деп жариялайды. *Қырғызстанның* заңының бесінші бабында мемлекет бір дін немесе дін тұтуды екіншісіне қарағанда артықшылықтармен бөлеп, кемсіте алмайды; діни бірлестіктердің қызметін және атеизмді үгіттеу бойынша қызметті қаржыландара алмайды. Сонымен қатар, *Өзбекстан* заңының бесінші бабында Өзбекстан Республикасында мемлекеттің бір дін немесе дін тұтуды екіншісіне қарағанда артықшылықтармен бөлеп, кемсітуіне жол берілмейді. Осындай сияқты қалыптар *Тәжікстан* (бесінші бап) және *Түркменстанның* (бесінші бап) заңдарында да жазылған.

Одан басқа, ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңында Қазақстан Республикасының білім және тәрбие беру жүйелері, білім берудің рухани ұйымдарын қоспағанда, дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатқа иеленеді (үшінші бап, төртінші тармақ). Мысалы, *Бельгияда* міндетті мектептік білім беру жүйесі діни «бейтараптылықты» сақтауға негізделе отырып, құралған. (Конституцияның 24-бабы және 1959 жылдың 29 мамырында бекітілген). *Ир-*

ландияда мектептерде діни білім беру қарастырылған, Конституцияның 44 бабының екінші тармағының төртінші тармақшасына сай оқушы бұл сабақтардан босатылуы мүмкін. *Швецияда* діннің мектептерде бейконфессионалды тұрғыдан оқытылуы тәжірибеден өтіп жатыр. *Францияда* 1905 жылдың 9 желтоқсанында бекітілген шіркеудің мемлекеттен бөлінуі туралы заң мемлекеттік білім берудің зайырлық сипатын ескертеді. *Португалияда* 43-баптың екінші және үшінші тармақтарына сай мемлекеттік мектептер діни, эстетикалық және философиялық доктриналардан тәуелсіз болып, білім беру конфессионалды болмауы тиіс. Болгарияның халықтық ағарту жайлы заңы (1999г.) Болгарияның білім беру жүйесін «зайырлы» деп жариялайды (5-бап).

ҚР заңының үшінші бабының бесінші тармағы «Діни қызметке заңсыз кедергілер жасауға, дінге деген қарым-қатынасына байланысты азаматтардың құқықтарының бұзуға немесе олардың діни сезімдерін балағаттауға, белгілі бір діннің ізбасарларымен құрметтелетін дін заттарын, ғимараттары мен орындарын қорлауға жол берілмейді» – деп жариялайды. Мұндай тармақ көптеген шетел мемлекеттерінің заңдарында жазылып өткен. Еуропалық мемлекеттердің көбі зайырлы болғандықтан, осы тармақты орындау өте маңызды. Мысалға, *Бельгия* Конституциясының 21-бабына сай мемлекеттік органдар діни культтардың ішкі қызметтеріне араласа алмайды. Мемлекеттің культтарды ресми түрде мойындау мәселелері, сонымен қатар мемлекет кепілдемелерін орындау бойынша бақылау жүргізу міндеті әділетің Мемлекеттік федералды қызметіне жүктелген. *Беларусь Республикасының* «Ар-ождан және діни ұйымдар бостандығы туралы» заңының жетінші бабында ар-ождан және дін тұтудың бостандығына деген құқықтардың жүзеге асырылуына кедергі жасауға, сонымен қатар азаматтардың дінге қатысты қарым-қатынастары бойынша олардың құқықтарын шектеуге немесе белгілі бір

артықшылықтарды орнатуға заң бойынша жол берілмейді деп жазылған. *Қырғызстан* заңының төртінші бабы келесіні жариялайды: азаматтардың дінге деген қарым-қатынастарына байланысты олардың құқықтарын тікелей немесе жанама түрде шектеу, оларға белгілі бір артықшылықтар беру, азаматтардың сезімдерін балағаттау немесе арандатушылықты тудыру, белгілі бір діннің құрмет тұтатын культ көлемдерін қорлау заң бойынша қудаланып, заңмен белгіленген жауапкершілікке тартылады.

ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының үшінші бабының жетінші тармағына назар аударуға болады, ол былай жариялайды: «ешкім де өз діни сенімдерінің себептері бойынша Конституциямен және ҚР заңдарымен қарастырылған міндеттерді орындаудан бас тарта алмайды». Қазақстан Республикасының діни қызметкерлер, миссионерлер, діни бірлестіктердің жетекшісі немесе мүшесі болып табылатын азаматтары Қазақстан Республиканың барлық азаматтарымен бірдей тең түрде, тек өз аттарынан саяси өмірге қатыса алады.

Мұндай тармақты бірқатар шетел мемлекеттерінің заңдарынан да кездестіруге болады. Мысалға, *Словакияның* заңы бойынша әскери адамдарға діни мейрамдарға қатысу рұқсат етілген. (1997ж. № 370/1997 Заңы). *Эстонияда* 2002 жылғы 27 ақпандағы № 110 болып бекітілген «Шіркеулер және приходтар туралы» заңына сай медициналық мекемелерде, оқу орындарда, күтім көрсетілетін орындарда, қамау орындарында орналасқан-дар, сонымен қатар қорғаныс әскерлерінде қызметтерін өтейтіндер өздерінің дін тұтуларына байланысты діни ғұрыптарды орындауға құқылы болып келеді, әрине, егер де ол қоғамдық тәртіпті, денсаулықты, моральды, осы орындарда қалыптасқан тәртіпті және сол жердегі басқалардың құқығын бұзбаса ғана мүмкін бола алады.1957 жылғы 26 маусымындағы «Әскери рухани қамқорлық туралы» *Германия* заңы бойынша әскери діни қызметкерлер мемлекеттік қызметкерлердің мәртебесіне иеленеді. *Германия-*

ның диакондық қызметінің шеңберінде 1977 жылы «Адам құқықтары жөніндегі бөлім» құрылған болатын. Ол өз кезегінде адамның құқықтарын қорғайтын ұйымдарды қолдап, адам құқықтарын бұзу құрбандарына айналғандарға көмекті ұйымдастыру мен үйлестіру үлесін қосады. Қырғызстанның заңының төртінші бабында ешкімнің өз діни сенімдерінің себептері бойынша заңмен бекітілген міндеттерді орындаудан бас тарта алмайтындарын көрсетеді. Сенім уәждері бойынша бір міндетті орындауды, екінші міндетпен алмастырып орындау тек *Қырғызстан Республикасының* заңы қарстырылған жағдайларда ғана мүмкін.

ҚР заңының 3-бабының 10-тармағы: «Діни негіздегі партияның қызметіне, мақсаттары мен әрекеттері мемлекетте бір дінді үстемдік етіп қоюға бағытталған діни бірлестіктердің құрылуына және олардың қызметіне, діни алауыздық және өшпенділік қоздыруға, оның ішінде зорлық-зомбылықпен байланысты немесе зорлық-зомбылық жасауға шақыру шараларына тыйым салынады», – деп айтады. Сонымен қатар, осындай заң нормаларын *Тунис* секілді шетел мемлекеттерінің бірқатар заңдарынан да табуға болады. Бұл мемлекеттің үкіметі діни негізде қандай да болмасын саяси партияларды құруға жол бермейді. Үкімет діни партия экстремизмнің таралу құралы болуы мүмкін деген тұжырым жасайды. *Судан Республикасының* уақытша Конституциясы және *Оңтүстік Суданның* Конституциясы дін белгілері бойынша кемсітетін басқа саяси партияны мойындамайды. Оған қоса, *Мароккода* діни, этникалық, тілдік немесе аймақтық негіздерге сүйеніп, қаланған партияларға заңмен тыйым салынады. Бұдан басқа, Қырғызстаның заңы 5-бабында: *Қырғызстан Республикасында* діни партиялардың, олардың бөлімшелерінің құрылуы мен қызметіне жол берілмейді дейді. Сонымен қатар, *Өзбекстанның* дін туралы заңының 5-бабында бір конфессиядағы адамдардың екінші конфессияға өте алмайтындары (прозели-

тизм), және миссионерлік қызметке тыйым салынатыны айқын жазылып көрсетілген. Осы ережені бұзғандар заңмен бекітілген жауапкершілікке тартылады. Өзбекстан Республикасында діни көрсеткіш бойынша саяси партиялардың құрылуы мен қызметі және республикадан тыс құрылатын діни партиялардың бөлімшелерінің құрылуы мен қызметіне жол берілмейді.

Сонымен қатар, ҚР «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» заңының 3-бабы, 11-тармағында: «заңмен орнатылған тәртіп бойынша тіркеуден өтпеген діни бірлестіктердің қызметіне, оған қоса, Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетел азаматтарын және азаматтығы жоқ адамдарды дінге деген қарым-қатынастарын анықтауға, діни бірлестіктердің қызметіне, діни ғұрыптарға немесе діни оқытуға қатысуға немесе қатыспауға мәжбүрлейтін кез келген шараларға жол берілмейтінін айтады». Салыстыру ретінде *Беларусь Республикасының* заңына көңіл аударуға болады. Оның 5-бабында әркімнің өз діні жайлы ешкімге жарияламауға құқығы бар және өзінің дінге деген қарым-қатынасын анықтауда, белгілі бір дінді тұту жағдайында, діни бірлестіктердің қызметіне қатысу немесе қатыспау есебінен ешқандай мәжбүрлікке душар болмайтынын айқын көрсетілген. Сонымен қатар заңның мұндай нормаларын *Қырғызстанның* (3-бап, Дін тұту бостандығына құқық білдіру), *Өзбекстанның* (Діннің мемлекеттен бөлінуі, 5-бап), *Тәжікстанның* (Ар-ождан және дін тұту бостандығына деген құқық, 4-бап), *Түркменстанның* (Ар-ождан бостандығына деген құқық, төртінші бап) дін туралы заңдарынан көруге болады.

Қазақстан Республикасының дін туралы жаңа заңының 2 бөлімі 7-бабы 3-тармағында «Діни ғұрыптар мен рәсімдердің оларға қарасты емес аумақтарда орындалуына жол берілмейді» деп айтылған, яғни:

1) мемлекеттік органдар, ұйымдар мен мекемелерде осы баптың 2 және 4 тармақтарымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда;

2) қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен, азаматтардың өмірі мен денсаулықтарын қорғаумен байланысты құқық қорғау органдарының, басқа әскерлер мен әскери мекемелердің, қарулы күштердің;

3) рухани (діни) оқу орындарын қоспағанда, білім беру ұйымдардың аумақтарында.

Заңдағы мұндай түзетулер әлемдік қоғамдастық тарапынан ерекше қызулы реакцияларға себеп болды. Бірақ, өзіміздің төл заңымызды шетел мемлекеттерінің заңымен салыстыра отырып, *Беларусь Республикасының* заңының 25-бабында діни қажеттіліктерді қанағаттандыруды мақсат ретінде көретін құдайға құлшылық ету, діни ғұрыптар, салтанатты рәсімдер мен рәсімдер, сонымен қатар діни қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатындағы бұқаралық іс-шаралар әдейі арналмаған жерлерде, ашық аспан астында және жабық орындарда жергілікті атқарушы және басқарушы органның жетекшісімен немесе оның орынбасарымен Беларусь Республикасының заңында бекітілген тәртіп бойынша сәйкес шешімді қабылдағаннан кейін ғана өткізілуі мүмкін деп айқын жазылған. Мұндай нормаларды *Өзбекстанның* заңынан да байқауға болады, ондағы 14-бап культтік және дұғалар оқылатын ғимараттардан тыс бұқаралық ғұрыптар мен рәсімдердің Өзбекстан Республикасының заңымен бекітілген тәртіп бойынша жүзеге асырылады деп жариялайды.

Сонымен қатар 23-баптың, бесінші бөліміне назар аударуға болады, онда «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы заңды бұзғантұлғаларҚазақстанРеспубликаныңзаңдарыменбекітілген жауапкершілікке тартылады» деп айтылады. Заңның осы нормасы барлық әлем мемлекеттерінің заңдарында кездеседі. Мысал ретінде біздің жақын көршілестеріміздің заңдарын келтіре аламыз. Мысалға, «Ар-ождан және діни бірлестіктер туралы» заң (2000 жылдың 26-мамырындағы өзгертулерді, 2002 жылдың 21-мамырындағы, 25-шілде, 2003 жылдың 8-желтоқсанындағы, 2004 жылдың 29 маусымындағы өзгертулерді қосқанда) Ре-

сей Федерациясының ар-ождан бостандығы, дін тұту және діни бірлестіктер бостандығы туралы заңның бұзылуы *Ресей Федерациясының* заңына сай қылмыстық, әкімшілік және басқа да жауапкершіліктің түрлеріне тартылатынын жариялайды. Беларусь Республикасының «Ар-ождан және діни ұйымдардың бостандығы туралы» заңының 39-бабында белгіленген: *Беларусь Республикасының* ар-ождан бостандығы, дін тұту және діни бірлестіктер бостандығы туралы заңның бұзылуы Беларусь Республикасының бекітілген заңымен тәртіпке сай жауапты болады. *Өзбекстанның* 23-бабында ар-ождан және діни ұйымдар бостандығы туралы заңды бұзған лауазымды тұлғалар мен азаматтар, мемлекеттік қызметкерлер және діни ұйымдардың қызметкерлері Өзбекстан Республикасының бекітілген заңымен жауапты болады. *Қырғызстанның* заңы да өзінің 22-бабында: ар-ождан және діни ұйымдар бостандығы туралы заңды бұзған азаматтар, мемлекеттік қызметкерлер және діни ұйымдардың қызметкерлері Қырғызстан Республикасының белгіленген заңымен жауапты болады. *Азербайжанның* дінді тұту бостандығы туралы заңының 30-бабы бойынша «Дінді тұту бостандығы туралы» заңды бұзған азаматтар мен мемлекеттік қызметкерлер Азербайжан Республикасының бекітілген заңымен жауапты болады. Мұндай заң нормалары *Тәжікстан* (Берілген заңды бұзғаны үшін жауапты болу, 34-бап) мен *Түркменстанның* (ар-ождан және діни бірлестіктер бостандығы туралы заңды бұзғаны үшін жауапты болуы) дін туралы заңдарында жазылған.

Сонымен, жоғарыда аталғандардың барлығын да талдап қорыта отырып, Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер бостандығы туралы» жаңа заңын шетел мемлекеттерінің заңдарымен салыстыра отырып, оны зерттеп, талдау жасағанымыз біздің мемлекетіміздің діни бірлестіктердің қызметін шектемейтінін, керісінше олардың іс-әрекеттерін тәртіпке келтіреді.

Оған қоса, ислам мен православияның діни өкілдерінің жаңа заң бойынша жасаған түсініктемелерін ерекше тұрғыдан атап өту қажет. «NUR.KZ» дереккөзі хабарлағандай, Қазақстанның Жоғары муфтиі Әбсаттар қажы Дербісәлі Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның жаңа басылымын талқылау, қабылдау, онымен келісу немесе келіспеу, бұл – Қазақстанның және оның азаматтарының ішкі мәселелері. Және де біз ешбір адамға біздің ішкі істерімізге араласып, қоғамға бөліну енгізуіне жол бермейміз» – деп, атап өтті.

Бұдан басқа, «Tengrinews.kz» интернет басылымы 2011 жылдың 28 қазанында Қазақстанның Православиялық Шіркеуі қабылданған дін туралы жаңа заңға қолдау көрсететіні туралы 13-қазанда мақала жариялаған еді. Ол туралы Қазақстан Православиялық шіркеуінің Синода істерін басқарушы, епископ Геннадий мәлімдеді. Сонымен қатар, мемлекет діни мәселелерінде маңызды рөл алатынын дәлелдеп белгіледі. Оның пікірінше, діни өмір өзара қарама қайшы әлем, оны өз кезегінде реттеп отыру керек. «Біз, православие дінін ұстанатындар, діни өмір саласындағы мәселелердің күрделілігін жақсы түсіне отырып, балаларымыздың денсаулығы және қауіпсіздігі үшін өзіміздің бостандықтарымыздың бірқатарынан бас тартуға дайынбыз»-, деп атап өтті әке Генадий.

Осыған байланысты, қабылданған заң түрлі заңдардағы құқық нормалары арасында даулы мәселелерді, қарама-қайшылықтарды жойып, мемлекеттің діни бірлестіктермен арақатынасында балансты сақтап, діни экстремизмге, қалыпты құрылымы бұзылу сипатындағы ұйымдар тарапынан құқықбұзушылық әрекеттерін жасауға қарсылық келтіріп, миссионерлік қызметтің бақылаусыздығын жоя алатынына үміттенуге болады.

Дереккөзі: http://www.din.gov.kz/rus/press-sluzhba/publikacii/?cid=0&rid=75

© 2011 Қазақстан Республикасы дін істері жөніндегі агенттік

ДІН ТУРАЛЫ ЖАҢА ЗАҢ ҚАЗАҚСТАНДА ДІН ТҰТУДЫҢ БОСТАНДЫҒЫН ШЕКТЕМЕЙДІ

Қазақстанның Жоғарғы муфтиі
Әбсаттар қажы Дербісәлі

Жақында Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының басшысы Әбсаттар Дербісәлі қазақстандық және ресейлік қайраткерлер мен теологтарының конференциясына қатысу үшін Мәскеуге барып келді. Муфтий «Интерфакс-Религия» үнқағазына берген сұхбатында Қазақстандағы ваххабиттер қаншалықты белсенді, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң қаншалықты деңгейде дін тұтудың бостандығын бұзады, оның өзектілігі неге негізделген, республикадағы исламдық білім беру қалай дамып жатыр секілді сұрақтарға жауап берген еді.

- Қадірлі муфтий, Қазақстанның исламдық қауымдастығы қалай өмір сүріп жатыр? Сіздің мемлекетіңізде қанша медресе және мұсылмандық жоғары оқу орындары бар, оқытушылар саны жеткілікті ме?

- Исламның ізбасарлары халықтың жетпіс пайызын құрайды. Жетінші ғасырдан бастап біздің аумағымызда исламның таралуы басталды, бірақ Қазан революциясы осы діни негіздерін бұзған болатын. Кеңестік уақытта мешіттер, медреселер жаппай жабылып, діни мейрамдарға тыйым салынып, діни басылар қуғын-сүргінге ұшыраған еді.

Бірақ, Құдайға шүкір, Қазақстанның тәуелсіздік алуымен ислам жаңадан тыныс алып, көптеген тыйымдар алынып тасталған еді. Адамдар өздерінің ата-бабаларының дінін ашық түрде үгіттей алуына мүмкіндік алды. Кеңестік уақытта жабы-

лып қалған мешіттер өз жұмыстарын жандандырып, жаңалары ашыла бастады. Біз Алла Тағалаға шүкіршілік білдіреміз.

Бірақ, 1990-жылдардың өтпелі кезеңі тек экономикалық қана емес, сонымен қатар рухани жоспарда да қиынға түсті. Біздің егемендік дамуымыздың алғашқы жылдарында біз жоғары мамандандырылған діни кадрлардың тапшылығын бастан кешірдік. Сол себептен біз он жылдан бері имамдарды аттестаттаудан өткізіп жүрміз. Бұдан үш мыңнан астам имамдар өтіп, өкінішке орай, олардың көбі медреселерде сабақ оқытып, дін уағыздарын айтуға қажетті біліктілігі болмады. Бұл мәселені жедел шешу үшін 2002 жылы Қазақстан мұсылмандарының рухани басқармасы жанында имамдар біліктілігін арттыратын Республикалық ислам институты ашылған болатын. Сегіз жүзден астам имам осы институтты тәмамдады.

Имамдардың біліктілігн арттыра отырып, жаңа кадрларды даярлай бастадық. Ол үшін Алматыда ислам мәдениетінің Египет «Нұр Мүбәрак» төртжылдық университеті ашылып, ол өз кезегінде имам хатыб мамандығын тереңдете оқытты. Университет Қазақстанның Білім және ғылым министрлігінің лицензиясын алды. «Нұр Мүбәрак» университеті студенттеріне доктор-теологтар, профессорлар мен педагогтар, Египеттің «Аль-Азхар аш-Шариф» университетінен арнайы келген педагогтар дәріс береді. Университетті 206 адам тәмамдап, олар қазір Қазақстанның мешіттерінде табысты жұмыс істейді. Өз білімін әрі қарай жетілдіргісі келгендер университеттің магистратурасында білімдерін жалғастыра алады.

2005 жылдан бастап, біздің мемлекетімізде Астана, Алматы, Тараз, Ақтөбе, Павлодар, Орал, Шымкент қалаларында және Үшқоңыр, Сарыағаш, Қосшы елді мекендерінде медреселер ашылып, олар мемлекеттік тіркеуден өтіп, Білім және ғылым министрлігінің лицензияларын алған болатын.

Медреседе жоғары оқу орындарын бітірген білікті ұстаздар жұмыс істейді. Олармен бірге Египеттен келген он төрт доктор

мен профессорлар оқытушылық қызметпен айналысады. Олар «Аль-Азхар» және МРБ арасындағы келісім шарт бойынша жұмыс істейді.

- Сіздердің Қазақстандағы Митрополиялық округі басшысымен қарым-қатынастарыңыз қандай?

- Православие Қазақстанда сенушілер саны бойынша екінші діни бірлестік болып есептеледі. Православияның біздің мемлекетімізде терең де тарихи тамырлары бар – бірнеше ғасырлар бойы мұсылмандар мен христиандар іргелес тұрып, бір-біріне құрмет көрсетеді. Осыған орай, Қазақстанның мемлекеттік саясаты сенімге шыдамдылық білдіру мен өзара сыйластыққа негізделетінін еске салғым келеді. Біздің Конституциямызда әрбір қазақстандықтың дінді тұту еркіндігінің құқы бар екені айқын көрсетілген.

Менің жеке өзімде митрополит Александрмен жақсы, достық қарым-қатынастарды қалыптасты. Біз түрлі отырыстарда бірнеше рет кездесіп тұрдық. Кездескен кезімізде ол мені тек досым деп емес, аға ретінде таниды. Және де, бұрыннан бері қалыптасып жатқан дәстүр бойынша біз бір бірімізді әрқашанда діни мейрамдармен құттықтап жүреміз.

- Жақында Қазақстанда «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» заң қабылданды. Сіз бұл құжатты қалай бағалар едіңіз?

- 1992 жылдың 15-қаңтарында қабылданған «Дін тұту және діни бірлестіктердің бостандығы» заңы зұлым діни экспансия үшін өз есіктерін ашқан болатын. Қазақстанды түрлі түрдегі жалған миссионерлер басып, біздің халқымыздың менталитеті үшін жат жалған діни догматтарды, оның ішінде көпнекелік және діни мемлекет идеясын орнату әрекеттерін жасағысы келді. 2001 және 2008 жылдары мен парламент палаталарының бірлескен отырыстарында заңға мәнді ішінара түзетулер енгізу туралы ұсыныс жасадым. Мемлекет басшысы Үкіметке дін ту-

ралы жаңа заң жобасын жасап шығаруды тапсырғанда, біздің тілектеріміз содан көрініс табады деп үміттендік. Жаңа заң жобасымен айналысқан жұмыс тобының құрамына мұсылмандардың Рухани басқармасының өкілдерін енгізілген еді.

Бұл заң мемлекеттегі рухани жағдайды бақылау үшін, адамдарды қалыпты құрылымы бұзылуын адамдардың басын айналдырумен айналысатын діни идеялар мен секталардан тиімді қорғау үшін өте маңызды. Діннің мұндай араласуын отбасының құлдырауы, кейбір жағдайларға адамдардың өздеріне өзі қол салуына әкеліп соқтырды. Алайда, мұндай секталар тәжірибесінің зардаптары сол секталар бар мемлекеттердің әрқайсысынан көрініс табады. Қалыпты құрылымды бұзу діни идеяларын таратушылар жас адамдарға Қазақстанда ислам тамырлары әлсіз деген ойға иландыруға тырысады және де сол себептен басқа мұсылмандық мемлекеттерге бағдарлану керектігіне көндіргісі келеді. Бірақ біздің өзіміздің он екі жүз жылдық тарихымыз бар! Қазақстанда пікірлері не исламдық құқыққа, не біздің халқымыздың дәстүрлеріне қарсы келмейтін дінтанушылар бар. Жас адамдар исламды басқа мемлекеттерден іздеп, сол жақтарға шығып, сонда оқып, біздің қоғамымызға жат белгілерді енгізгенде біз өзімізді қолайсыз сезінеміз.

- Батыстық құрылымдардың бірқатары, оның ішінде ҮЕҰ осы заңды сынға алып, оның діннің бостандығын шектейтінін жариялады. Сонымен қатар мемлекеттік мекемелерде, оқу орындарында және жатақханаларда намазды оқуға тыйым салу, оған қоса мемлекеттік органдарда дінтанулық сараптаманың жүргізілуі, культтық ғимараттардан тыс діни әдебиеттің таралуына шектеу қою халықтың көңілінен шықпады. Сіз өз кезегіңізде осы құжаттың дін тұтудың бостандығын шектейді дегенмен келісесіз бе?

- Батыс қоғамдық ұйымдар тарапынан айтылатын сыни көзқарастармен мен келіспеймін. Еркіндік барлық

нәрсеге рұқсаттылық берумен байланыстырылмайды. Оған қоса, мен мемлекеттік органда құзырлы дінтанушылар мен теологтардың қатысуымен дінтанулық сараптаманы жүргізуді қажет деп есептеймін. Сонымен қатар, мен діни әдебиеттердің культтық ғимараттардан тыс таратылуын шектеу керек деп ойлаймын. Заңға енгізілген бұл түзету өте маңызды, өйткені, Қазақстанға экстремистік мазмұндағы әдебиетті кеңінен кіргізе бастады, ал ол өз кезегінде сәтті сатылып жатыр. Сол себептен мен заңның дінді тұтудың бостандығын шектейді дегендермен келіспеймін. Тағы қайталап өтейін, еркіндік барлық нәрсеге рұқсаттылық берумен байланыстырылмайды. Әрине, ар-ождан бостандығын сыйлау қажет болғанымен, ол біздің мемлекетімізде діни ұйымдардың атын жамылатын экстремистік топтардың еркінше әрекет етуін білдірмейді.

Мемлекеттік мекемелерде намазды оқу ғұрпына тыйым салған заңның жетінші бабы туралы тағы бірер сөз айтып кетейік. Құдайға шүкір, мешіттердің саны жыл сайын ұлғайып жатыр және де мұсылмандар әрқашанда мешітке кіруіне мүмкіндігі бар, намаздарын оқи алады. Нәтижесінде, адамдардың қалаулары ескеріліп, заңға қоғамдық орындарда сыйынушы бөлмелердің ашылуы туралы түзетулер енгізіледі деген үміттеміз. Сол себептен, бұл мәселе туралы халықты дүрліктіріп қажет емес. Қазақстан көпконфессионалды және көпұлтты зайырлы мемлекет болып табылады. Біз бұл әлемде жалғыз емеспіз және де біз басқалардың мүдделерін ескеруіміз тиіс.

- Қазақстанда ұзақ уақыт бойы қоғамдық орындарда хиджаб кию туралы пікірсайыстар жүргізілген болатын. Сіз мұндай тәжірибеге қалай қарайсыз?

- Әрине, қалыпты. Ислам бойынша хиджаб – бұл әйелдердің міндетті түрде киетін киім. Ол жайлы Қасиетті Құранда, «ан-Нұр» сүресінде айқын айтылған: әрбір әйел беті пен алақандарды қоспағанда, барлық денесін жабуға міндетті. Ғасырлар бойы біздің ата-бабалар шариат талаптарына сай

киінетін. Олар өзіміздің мәдениетіміз, әдет ғұрыптар мен ұлттық санамызға сай киімді тігетін (сәукеле, орамал, кимешек және т.б.). Бүгінгі күні мұндай киімді театр сахнасы немесе мұражайдан көруге болады. Шариаттың талаптары бойынша киінгісі келетін қыздар шетелден әкелінген киімді сатып алуға мәжбүр, ал олар әрдайым біздің ұлттық дәстүрлерімізге сай келе бермейді.

Осы мәселені шешу үшін Қазақстан мұсылмандарының рухани басқармасы шариат пен заманауилыққа сай келетін мұсылман киімінің желісін құру үшін дизайнерлер мен модельерлер арасында «Сәнді киім – әйел әшекейі – 2011» атты конкурсты жариялаған еді. Оған қоса, біз киімнің ұлттық ерекшелікте болуын талап еттік. Конкурсқа танымал дизайнерлер мен сән үйлері қатысты. Қазақ стилін көрсететін, сонымен қатар күнделікті өмірге ыңғайлы киімдердің көптеген үлгілері түсті. Конкурстың шешуші сәті Алматы қаласындағы Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында өткізілді.

- Қазақстанда вахабиттер қаншалықты белсенді?

- Иә, әрине бізде мұндай ағымның ізбасарлары жоқ емес, бар. Бірақ, Құдайға шүкір, олар кішігірім ажыратылған топтармен, әсіресе еліміздің батысында көрініс табады. Өздерінің көзқарастары мен идеяларын таратуға тырысып, олар ауыл тұрғындарының адамдардың Қазақстанға тиесіл дәстүрлі ислам жайлы жеткілікті түрде ақпараты жетіспеуін пайдаланады. Сол себептен, МРБ батыстық аймақта өзінің қызметін белсендірді. Мысалға, Ақтөбе мен Оралда екі медресе ашып, жергілікті мешіттер үшін кадрларды даярлай бастайды. МРБ білікті білімді имамдар жеткілікті болғанда, радикалдармен байланысты мәселе өздігінен шешіледі деп сенім білдіріп отыр.

Қауіпті ағымдармен күресу үшін ақпараттық жұмысты барлық деңгейлерде жүргізіп жатырмыз. Әрбір сенуші адамға исламның дұрыс түсіндірмесін жеткізуге тырысамыз. МРБ ағартушылық әдебиетті, үнқағаздар мен журналдар-

ды шығарып отырады. Біздің имамдар БАҚ-та семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференцияларды ұйымдастырып, осы мәселе бойынша пікіржарыс және қоғамдық талқылауларға қатысады.

<…>

- Қазақстан Ислам ынтымақтастығының ұйымына қатыса отырып, алдына қандай мақсаттарды қойғалы отыр?

- Осы жылы Қазақстан исламдық әлемнің ірі ұйымдарының бірін, яғни ИЫҰ басқарды. Біздің мемлекетіміздің мұндай абыройға ие болғаны, бір жағынан, оның әлемдік сахнада абыройын көтергенімен, екінші жағынан, бізге Батыс пен Шығысты байланыстыратын тиімді көпірі болудың мүмкіндігі беріліп отыр. Сонымен, ИЫҰ төрағалық ету біздің мемлекетімізге, президент Нұрсұлтан Назарбаевқа үлкен жауапкершілікті жүктейді. Ол өз кезегінде әлемдік қоғамдастық алдында тұрған экономикалық, қаржылық және саяси мәселелерін шешуде исламдық әріптестікті күшейту үшін қолынан келгеннің бәрін де істеп жатыр.

- Сұхбатыңыз үшін рахмет!

Дереккөзі: http://www.interfax.kz/?lang=rus&intid=13&category=exclusive&news_id=1

© «Интерфакс-Қазақстан» ақпараттық агенттігі

АР-ОЖДАН БОСТАНДЫҒЫ МЕН ЗАҢНЫҢ КІСЕНДЕРІ

Сәуле Исабаева

Өткен жылдың он үшінші қазанында мемлекет Президенті «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» заңына қол қойып, ол қол қойғаннан кейін оныншы күнінде, яғни 23 қазанда өз күшіне енді. Жүз күн өткеннен кейін біз осы көп сөз болған құжаттың Қазақстанның діни саласындағы жағдайды қаншалықты өзгерткенін талдағымыз келді.

Өткен шақтың сабақтары

Сарапшылардың бақылауы бойынша, осы кезең ішінде ешбір ірі өзгерістер байқалған жоқ. Бірақ, діни ұйымдардың бірқатары тарапынан жаңа заңға деген алғашқы реакция дұрыс болмады. Соның ішінде, кейбіреулер Атыраудағы, Тараздағы және Алматы аумағындағы террористік актілерді байланыстырады.

Дегенмен, ҚР БҒМ Ғылым комитеті Философия және саясаттану институтының бас ғылыми қызметкері Анатолий Косиченконың ойынша, жаңа заңның қабылдануы радикалды ислам өкілдері қызметінін белсенділігіне әкелді деген пікірі дұрыс емес, өйткені, құжат діни ниеттегі экстремизм мен терроризмге қарсы әрекетті күшейту мақсатымен дайындаған болатын.

Заңның мақсаты – Қазақстан мен оның азаматтарын діннің өзінен емес, ал жалған діни ұйымдардан қорғау, деп нақтылайды философия және саясаттану институтының дінтану бөлімінің ғылыми қызметкері Еркін Байдаров. Оның айтуынша, дін қоғам өмірінде орасан зор рөл ойнап, адамдарға мейірімділік пен махабатты, жақсылық пен махаббатты, сенім мен үмітті ұялатады. Оның тарихи рөлі де осында.

- Бүгінгі күні біз осы заңды қалай қабылдасақ та, ол жайлы не жазып, не айтсақ та, ол біздің қоғамымызға қажетті, – деп сендіреді Е. Байдаров. – Иә, ол бір қатар кемшіліктері болғанымен, оған әрқашанда өзгертулер мен толықтырулар енгізуге болады. Бұл құж ат бұның алдындағы 1992 жылдың 15 қаңтарындағы «Ар-ождан және діни бірлестіктер туралы» заңнан ерекшелінеді. Менің ойымша, егер Қазақстанның тәуелсіздікті алудың алғашқы жылдарында ақ біздің қоғамымызға жат идеялар мен идеологиялардың өзіндік полигонына айналғанын ескеретін болсақ, мемлекет өзінің конфессионалды саясатының сәтсіздігін толығымен мойындады. Елімізді түрлі діни миссионерлер мен діни ағымдар толтырып жіберді, олардың көбі махаббат пен жақсылыққа үгіттемей, арандатушылық пен зұлымдықтың дәнін екті. Ол барлық діни ұйымдарға емес, тек қазақстандық қоғамда өте-мөте бағаланған діни бірлестіктерге қатысты.

Терроризмді анықтайтын тест

Жаңаөзендегі қайғылы жағдайлармен байланысты мемлекетте пайда болған маңызды мәселелер діни тақырыпты көлеңкесінде қалдырды.

- Билік, сайып келгенде әлеуметтік апаттардың мұсылмандар тудырмайтынын түсінді, – деп көрсетті Қазақстан мұсылмандары одағының басшысы Мұрат Телібеков. – Заңға қатысты айтатын болсақ, онда өмір өзінің түзетулерін енгізіп жатыр. Шенеунік құлшыныстың толқыны қайтып, уақытша тыныштық орнады. Бірақ, бастапқы демікпенің оп-оңай емес екенін мойындау керек. Бұл шеткі аймақтарда тым келемеж сурет түрінде қабылданды. ОҚО мұсылмандарды сақалдарын қырып тастауға да мәжбүрлеген еді. Ал Сайрам ауданының Ақбұлақ ауылында полицейлер имам Асан Тілеубердінің үйіне баса-көктеп кіріп, бекітілмеген тінту жүргізіп, терроризмге тексеру үшін дербес компьютерін алып кетіп, есік алдындағы кәрі есек және екі

қойды алып кетуге әрекет жасады. Міне, терроризмге қарсы науқанды пайдалана отырып, полицейскийлердің кейбіреулері жай ғана тонаушылықпен айналысады.

Қоршап алудан бастап, екі ай өтті, ал тартып алынған мүлік қайтарылған жоқ. Мұсылмандардың одағы облыс әкіміне, ҰҚК бөлімшесіне және облыстық ішкі істер бөліміне шағымданып, тәртіпсіздікті тоқтатуды талап еткен еді, бірақ оның бәрі нәтижесіз болды. «Мұндай сыбайластық неліктен болады – деп түсінбейді Мұрат Телібеков. Осыған орай, мүмкін барлық тәркіленген мүлікті шенеуніктер өзара бөліп алатын шығар деген күмән туындайды. Компьютердің процессорын әкімге, аналық платасын – ІІМ-ге алса, монитор ҰҚҚ еншісінде қалып, маус мен кілемшені прокуратураға қалдыратын шығар».

Егер бұдан әрі де осылай болса, онда полицейлер хиджабтармен күресті жамыла отырып, мұсылман қыздарының ішкі киімі мен сылдырмақтарын тәркілеп, оларды тонап, зорлайтын да шығар».

Ат алдындағы арба

Мемлекеттік мекемелерде намаз оқитын бөлмелерге, мемлекеттік органдар аумағы мен ғимараттарында діни ғұрыптарды орындауға тыйым салатын заң баптарын өз кезегінде діни бірлестіктер, әсіресе мұсылмандық бірлестіктер тарапынан сынға алынған. Айтпақшы «қол көтеріп, дайындық білдірген» алғашқы құрылымдардың бірі Қылмыстық-атқарушы жүйенің комитеті түсінілді (ҚАЖК).

Бірақ, *Е. Байдаров* ғұрыптар, оның ішінде намаз оқу, дұға қылу – бұл діни жүйелердегі ерекше құпиялылық және де шынайы сенуші адамды одан оқшауландыру дұрыс емес дейді. Сарапшының айтуы бойынша, ҚАЖК өз кезегінде ат алдындағы арба қойғанның қойғанның айқын мысалы.

- Тек қылмыстық-түзеу жүйеге рухани саланың институттарымен, яғни Қазақстан мұсылмандарының рухани басқармасымен және Орыс православиялық шіркеудің Епархиясымен ынтымақтаса отырып, сенушілер өздерінің діни культтарын, оның ішінде намаздарын ерікті түрде орындап оқи алатын арнайы орындар енгізілуі тиіс. Олар жазасын өтеп жатқан салафитпен немесе деструктивті діни ұйымның өкілімен діни ғұрыптарын орындағанша, шіркеудің рухани білімді өкілдерінің көмегімен орындағандары артық. Ал ең жақсысы, сенушілерді басқа жазасын өтеп жатқан қамаудағылардан ажыратып, сөйтіп, оларды криминалды элементтер тарапынан оқшаулаған дұрыс.

Діннің тәрбиелік мәндегі ықпалы – күллі әлем мойындаған дерек, дейді М.Телібеков, өйткені, тек опық жеген тордың ар жағындағы қамаудағыларға сенім білдіріп, түзелу жолына түсуге көмектеседі.

- Мен, құқық қорғау органдарының қандай қарама қайшылықты жағдайға тап болғанын түсінемін, азаматтардың бостандығы шектелетін қамаудағы орындарда адамдар дінге беріліп, діни экстремистердің әсеріне түседі. Бірақ, бұл мәселені басқалай шешу керек, – деп ойлайды ол. – Билікке өзінің иделогиялық жұмысын реттеуіне кім кедергі келтіріп жатыр? Қол астында БАҚ мен ірі қаржылық ресурстарға иелене отырып, олар өз уақыттарын босқа өткзіп жатыр. Неліктен ҚАЖК жүйесінің мекемелерінде «Нұр Отан» және «Ақ жол» партияларының мүшелері көрінбейді? Неліктен партиялық қызметкерлер емес, ал руханилықтың өкілдері тегін уағыз-насихаттар айтып, беделге ие болуда?

Оның ақпараты бойынша көптеген мемлекеттік мекемелер мен университеттерде намаз оқитын бөлмелер жабылған. Олардың саны қалай болса да аз еді.

- Ол неге әкеліп соқтырды? Қапаланған жағдайларды әлденеше рет байқауға болады, студенттер ашық аспан астында университет қорасының артқы жақтарында қап-қара қар

мен лай үстінде намаз оқитын. Жеткен жеріміз осы ма? Тыйымдар жастарды одан әрі исламды қабылдауға қамшылайды. Адамзат табиғаты осындай, тыйым салынған нәрсе әрдайым қалаулы. Бірақ, діни құштарлықтан бөлек жастар суық тиіп ауырып қалып, осындай бұйрықтарды шығаратындарды жек көріп кетуі мүмкін – деп ескертеді сарапшы.

Енжар тіркеу

Қазақстанда жаңа заңға сәйкес діни бірлестіктердің Әділет министрлігінде міндетті түрде өтетін тіркелу рәсімі басталды, өйтпесе олар заңсыз деп танылады. Дегенмен, олардың тарапынан ешбір қозғалыстар байқалмайды. Қалай болғанда да, Алматыда әлі ешкім де тіркелуге құжаттарын ұсынған жоқ, дейді Е. Байдаров.

- Діни қозғалыстардың бірқатары өздерінің сенімдегі көзқарастарына орай мемлекеттік құрылымдармен қандай да болсын қарым-қатынастарын толығымен елемейді. Сол себептен олар осы рәсімнен өтпей, өздерінің жасырын қызметтерін жалғастырады – деп қауіптенеді саясаттанушы.

Діни ұйымдардың бір қатарынан күтіліп жатқан қарсы наразылығына келетін болсақ, онда олар орын алған күннің өзінде-ақ қазір емес, қайта тіркелу мерзімі өтер кезде ғана болуы мүмкін деп ұйғарады. А. Косиченко сол кезге қарай БАҚ туралы заңның қабылданбай тұрып болжамдалғандай бірлестіктердің саны азаюы мүмкін.

- Мұнда да жемқорлық билеушілік етеді – дейді М. Телібеков – белгілі бір пара арқылы қалағанынды үгіттей аласың. Жағдай өзгеріссіз. Мемлекетте түсініксіз жағдай қалыптасты, жоғары жақтар парақорлықпен күрес жайлы неғұрлым көп айтса, ол соғұрлым кеңінен өріс алады. Шенеуніктердің ақыр заман табалдырығында отырғандай сезім пайда болды. Маған жаңа агенттіктің басшысы К.Лама Шарифтың

діни салада қалыптасқан монополияны бұзуға деген талпынысы көңілімнен шығады. Өйткені, мұнда саясаткерлерден, мемлекеттік қайраткерлерден, руханилық пен криминалдық элементтерден тұратын ОПГ қалыптасқан. Бірақ, мен барлық зейін мәселелерді әкімшілдендіру мен күш қолдана отырып шешуге бағытталғанын жақтамаймын. Жаңа идеология қайда? Жаңа тұжырымдама үгіті қайда? Неліктен сенушілердің саналарына айқындылықты жеткізетін жаңа үнқағаздар, журналдар, телевизиялық және радиобағдарламалар шықпайды? Прогрессивті қасиетті қызмет көрсетушілердің жаңа саңлақтары қайда? Біздің жаңа агенттік жаңа қарқынның орнына әдеттегі және кезекті бюрократиялық қойнауды көріп тұрғанымыз өкінішті-ақ.

Жан аулаушылар

Қазақстанның 20 жыл тәуелсіздігі барысында діни институттардың сандық және сапалық өсімі байқалды. Бүгінгі күні Дін істері жөніндегі агенттіктің мәліметтеріне сай, олардың жалпы саны 4551 құраса, 1990 жылдары олар 670 шамасында болатын. Исламдық бірлестікттердің саны алты есе, Орыс Православиялық Шіркеу приходтарының саны бес есе, римдік католикалық шіркеудің бірлестіктерінің, дәстүрлі, сонымен қатар жаңа протестанттық шікеулердің приходтары үш есе көбейді. Одан басқа, иудейлік, буддистік діни басқармалар қызмет етеді. Қазақстанда, сонымен қатар дәстүрлі емес діни ағымдар да көрініс табады. Е. Байдаровтың айтуынша, олардың бейдәстүрлігі белгілі бір ерекшеліктен немесе әдеттегідей тыс болуынан емес олар жақында пайда болып, осы мағынада біздерменен әлі де үйреншікті діни бірлестіктер болып қабылданбайтынынан көрінеді. Оларды қалай ажырата аламыз? Сарапшы бірнеше маңызды белгілерін атайды:

- біріншіден, мұндай бірлесудің басында харизматикалық көшбасшы тұрып, өзінің Құдай мен шынайылыққа қатысты жаңа теңдессіз «ашылуларға» иелігін түсіндіреді;

- екіншіден, көшбасшы ерекше «отбасы» немесе коммунаны құрып, онда оны өз кезегінде «әке»деп атайды;

- үшіншіден, көшбасшы барлығы үшін бірдей және абсолютті ережелерді орнықтырып, өзі соларды міндетті түрде атқармайды;

- төртіншіден, топ әлемге апаттық-ақырзамандық көзқарас тарапы көзқарасында болып, бұл ұйымның мүшелері әдетте барлық меншіктерінен айырылып, тұрғылықты жерлерін өзгертеді;

- бесіншіден, әдетте сыртқы әлемнен оқшауланатын енушілердің әрекеттерін бақылаудың белгілі бір техникасы қолданылады;

- алтыншыдан, осы жаңа діни ұйымдардағы культ ұжымдық түрде көрініс табады, психологиялық айлалы әрекет, психикалық ем терапиясы «техникасы» қолданылады, әсіресе жаңадан енушілерге, олардың топқа бейімделуіне ерекше зейін бөлінеді.

Дәстүрлі емес діндердің осы сипаттамаларында олардың азаматтар,әсіресе, әлі де қалыптасып қоймаған дүниетанымдарынан осы «жандарды аулағыштардың» қолында қалып қоятын жастар үшін қауіп жасырынып тұр. Осыған қарсылықты әрекет ретінде «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» заң бағытталып отыр.

Дереккөзі: Central Asia Monitor, №5 (373), 3-9 февраля 2012 г., http://camonitor.com/archives/2585http://camonitor.com/archives/2585

© Central Asia Monitor

Авторлар туралы мәлімет

Байдаров Еркін Ұланұлы – ҚР БҒМ Ғылым комитеті Философия және саясаттану институты Дінтану бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының кандидаты.

Бурова Елена Евгеньевна – ҚР БҒМ Ғылым комитеті Философия және саясаттану институты Дінтану бөлімінің бас ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының докторы, профессор.

Дербісәлі Әбсаттар қажы – Қазақстанның жоғары муфтийі, Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының (ҚМДБ) басшысы.

Исабаева Сәуле – журналист, Central Asia Monitor қоғамдық-саяси газетінің тілшісі.

Косиченко Анатолий Григорьевич – ҚР БҒМ Ғылым комитеті Философия және саясаттану институты Дінтану бөлімінің бас ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының докторы, профессор.

Фасиева Кристина Игорьевна – Қазақстан Республикасы Діни істер жөніндегі агенттіктіктің Мәдениеттер мен діндер халықаралық орталығының (МДХО) Халықаралық байланыстар бөлімінің ғылыми қызметкері.

ҚР БҒМ Ғылым комитеті Философия және саясаттану институты туралы мәлімет

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Философия және саясаттану институты 1958 жылғы Философия және құқық институтының және 1991 жылғы Философия институтының негізінде 1999 жылдың ақпан айында құрылды.

Өзінің пайда болған сәтінен мемлекеттік ғылыми-зерттеу мекемесі ретіндегі Философия және саясаттану институтының негізгі міндеті Қазақстан Республикасының әлеуметтік, саяси және мәдени прогресі үшін рухани-адамгершілік және философиялық мәдениетті өркендету міндетін шешуге бағытталған іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу болып табылды.

Сол уақыттан бері Институт жоғары кәсіби ғылыми-зерттеушілік орталыққа айналды. Қазіргі кезде Институтта әлемдік философия тарихы, әлеуметтік философия, онтология және гносеология, мәдени антропология, ғылым және техника философиясы, саясаттану, әлеуметтану, дінтану салаларындағы мамандар, 20 ғылым докторлары, 14 ғылым кандидаттары жұмыс істейді.

Институт қызметкерлері жыл сайын қазақстандық қоғам трансформациясының өзекті әлеуметтік-философиялық және философиялық-саяси мәселелері бойынша, саясат, құқық, ғылым, білім беру, мәдениет, қазақ және әлемдік философия және т.б. философиялық-әдіснамалық мәселелері бойынша ондаған монографиялар мен жүздеген ғылыми мақалалар жариялайды. Институт қызметкерлерінің ғылыми жарияланымдарының сапасы, олардың ғылыми мақалаларының таяу және алыс шетелдердің рейтингтік журналдарындағы сұраныспен айқындалады.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде Институт «Шығыс Аристотелі» - әл-Фарабидің он томдық шығармалар жинағын, жиырма томдық «Әлемдік философиялық мұраны», жиырма томдық «қазақ халқының философиялық мұрасын» және басқа да кітаптарды баспадан шығарды.

Институт екі журнал шығарады: «Адам әлемі - Мир Человека» және «әл-Фараби» (қазақ және орыс тілдерінде). Журнал беттерінен қазақстандық авторлардан басқа шетелдік зерттеушілердің жұмыстарын оқуға болады. Сондай-ақ Институт қызметінің бүкіл ғылыми шоғырын көрсететін қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі Институттың өз сайты бар.

Философия және саясаттану институты үнемі халықаралық ғылыми конференциялар, семинарлар, «дөңгелек үстелдер» өткізіп тұрады. Институттың өткізетін бұл ғылыми іс-шараларына тек қазақстандық жетекші философтар мен саясаттанушылар ғана емес, Ресейдің, Қытайдың, Германияның, АҚШ-тың, Түркияның, Францияның Ұлыбританияның, Иранның, Әзірбайжанның, Өзбекстанның, Тәжікстанның, Қырғызстанның, Беларустің және басқа да елдердің ғалымдары қатысады.

Философия және саясаттану институтының базасында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Абылайхан атындағы ҚазХҚжӘТУ, ҚазКжҚҚА және т.б. тәрізді басты қазақстандық жоғары оқу орындарының студенттері машықтану және диплом алдындағы практикасын өткізеді.

Институтта қызметкерлердің мамандық және ғылыми дамуы үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған.

Философия және саясаттану институты туралы анағұрлым кең ақпаратты мына мекен-жайдан алуға болады:

Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы,
Құрманғазы көшесі, 29 (3 қабат)
Тел.: +7(727) 272-59-10
Факс.: +7(727) 272-59-10
E-mail: iphp@inbox.ru
http://iph.kz

Информация об Институте философии и политологии Комитета науки МОН РК

Институт философии и политологии Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан был образован в феврале 1999 года на базе созданных: в 1958 году – Института философии и права и в 1991 году – Института философии.

С момента образования основной задачей Института философии и политологии как государственного научно-исследовательского учреждения является разработка фундаментальных и прикладных исследований, направленных на решение задачи возрождения духовно-нравственной и философской культуры, социального, политического и культурного прогресса Республики Казахстан.

За это время Институт превратился в высокопрофессиональный научно-исследовательский центр. В настоящее время в Институте работают 20 докторов наук, 14 кандидатов наук, специалистов в области истории мировой философии, социальной философии, онтологии и гносеологии, культурной антропологии, философии науки и техники, политологии, социологии, религиоведения.

Ежегодно сотрудниками Института издаются десятки монографий и сотни научных статей по актуальным социально-философским и философско-политическим проблемам трансформации казахстанского общества, философско-методологическим проблемам политики, права, науки, образования, культуры, казахской и мировой философии и т. д. Качество научных публикаций сотрудников Института определяется востребованностью научных статей в рейтинговых журналах ближнего и дальнего зарубежья.

В рамках государственной программы «Культурное наследие» Институтом издано десятитомное собрание сочинений «Аристотеля Востока» – аль-Фараби, двадцатитомное «Мировое философское наследие», двадцатитомное «Философское наследие казахского народа» и другие книги.

Институтом издаются два журнала: «Адам әлемі – Мир Человека» и «Аль-Фараби» (на русском и казахском языках). Помимо

работ казахстанских авторов, в журналах публикуются труды исследователей зарубежных стран. Институт располагает собственным сайтом на трех языках: казахском, русском и английском, на котором представлен весь спектр научной деятельности Института.

Институтом философии и политологии регулярно проводятся международные научные конференции, семинары, «круглые столы». В научных мероприятиях Института принимают участие не только ведущие казахстанские философы и политологи, но и ученые из России, Китая, Германии, США, Турции, Франции, Великобритании, Ирана, Азербайджана, Узбекистана, Таджикистана, Кыргызстана, Белоруссии и других стран.

На базе Института философии и политологии проходят стажировки и преддипломную практику студенты ведущих казахстанских высших учебных заведений, таких, как КазНУ им. аль-Фараби, КазНПУ им. Абая, КазУМОиМЯ им. Абылайхана, КазАТиСО, и других.

В Институте созданы все необходимые условия для профессиональной работы и научного роста сотрудников.

Более подробную информацию об Институте философии и политологии КН МОН РК можно получить по адресу:

Республика Казахстан, 050010, Алматы,
ул. Курмангазы, 29 (3 этаж)
Тел.: +7(727) 272-59-10
Факс.: +7(727) 272-59-10
E-mail: iphp@inbox.ru
http://iph.kz

Ғылыми басылым

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК–КОНФЕССИОНАЛДЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Редакторы ***Г.А. Турлина***

Компьютерлік дизайны және беттеген ***Г.И. Нүсіпова***

Басуға қол қойылды 26.03.2012 ж. Пішімі 60х84 $^{1}/_{16}$.
Шартты бас табағы 4,31 б.т. Офсетті басылыс.
Таралымы 500 дана.

«TST Company» ЖШС басылды.
Алматы қаласы, Рысқұлов көшесі, 92а үй